ЕЛОРДА ҚАЛАЙ ТҮРЛЕНЕДІ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

ТОЛАҒАЙДЫ КІМ ТАНИДЫ?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

«ДҮНИЕ-ҒАПЫЛДАН» НЕ ҰҚТЫҚ?

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛУ ОНЫ ЖАРИЯЛАУМЕН НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН НАҒЫЗ КҮРЕС КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕКПЕН, ҮЗДІКСІЗ ӘРІ ДӘЙЕКТІ ЕЛДІК САЯСАТПЕН МӘҢГІ ЖАЛҒАСАДЫ. БІЗ ҚУАТТЫ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗБЕН ҒАНА ҰЛТ РЕТІНДЕ ЖЕР БЕТІНДЕ САҚТАЛАМЫЗ. ОСЫ АЙНЫМАС АҚИҚАТТЫ БЕРІК ҰСТАНУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. «ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ!» ДЕГЕН БІР АУЫЗ СӨЗ МӘҢГІ ҰРАНЫМЫЗ БОЛУҒА ТИІС.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№30 (4154)
Сейсенбі
16 наурыз
2021 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚЫС КӨБЕСІ СӨГІЛМЕЙ ТҰР...

Қазақ ұғымында Амал мерекесі көктемнің басы, наурыздың алғашқы мерекесі саналады. Бірақ биылғы қыстың беталысы бөлек. Жылда осы уақытта жер көктеп, гүл-бәйшешек құлпырып кететін Алматы, Шымкент аумағында кеше қар жауып, қара суық қайта түсті. Ал Арқада ақ қардың шеті сетінемей, аяз қысып тұр. Қыс көбесі сөгіліп, көктем қашан келеді?..

ҚАРЫЗЫ КӨП ЖҰРТТЫҢ ҚАБАҒЫ ҚАТУ



Халық несиені еріккеннен алмайды, мұқтаждықтан алады. Дегенмен бүгінгідей экономикалық тұрақсыздық жағдайында шамасы жетпейтін іске ұрынып жүрмеуі үшін қосымша сарапшылар да артық болмас еді. Мақала жазу барысында танитын жастармен де сөйлесіп көрдік, олар да банктен қарыз алуға қорықпайды. Олардың арасында несиеге туристік жолдама, қымбат айфоннан бастап көлік пен баспана алғандар да жетерлік. Бір жағынан жастардың өз бетінше тірлік қылып, қажетін өзі алып жатқанына риза боласың, бір жағынан...

6-БЕТ

АСТАНА БАС ЖОСПАРЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Биыл елорданың жаңа бас жоспарын әзірлеу басталды. Бұл ауқымды әрі жауапты жұмысты «Астана бас жоспары» ғылыми зерттеу-жобалау институты қолға алған. Қазіргі қолданыстағы бас жоспар 80 мың гектарға, 1 млн 200 мың тұрғынға шақталған. Оған жаңа зират пен ұлттық пантеон, Майбалық көлінің аумағы қосылды. Бас қаланың жаңа басты құжаты 2 млн 140 мың адамға арналады. Бұл мекеме сондай-ақ Түркістан облысы мен Шымкент қаласының бас жоспарын дайындау байқауында жеңімпаз атанып, өңірлердің дамуына да өзіндік үлес қосып келеді.

4-БЕТ

ЕЛ ТЫНЫСЫ

КӨРІСУ КҮНІ – КӨНЕ МЕЙРАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Көрісу күні мерекесімен құттықтады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінің қатысуымен қазақ халқының ұлттық мейрамы – Көрісу күнін атап өтті.

Іс-шараның өтуіне поляк, өзбек, шешен-ингуш, неміс, татар-башқұрт этномәдени бірлестіктерінің мүшелері қатысып, тақырыптық қойылымдар ұйымдастырды. Мерекелік шара барысында халқымыздың «Қыздар-ай», «Ауылымыз қандай тамаша!» әндері шырқалып, ұлттық өнеріміз дәріптелді. Ал ақсақалдар жағы ел амандығы мен жұрт тыныштығын тілеп, ақ баталарын берсе, келіндер жағы сәлем салу дәстүрін көрсетті.

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

ЖАСТАРҒА ЖҰМЫС ҰСЫНАДЫ

Елорда жастарын жұмыспен қамту үшін бірқатар меморандумға қол қойылды.

«Елорда жастары» жастар ресурстық орталығының баспасөз қызметі қаладағы бірқатар компанияларымен серіктестік орнату мақсатында меморандумдарға қол қойылғанын мәлім етті. Жұмыс іздеген жас мамандарға «Скиф Трейд» ЖШС, «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ, «Stroy Expert LZ» ЖШС, «Жастардың әлеуметтік және тұрақты даму қоры» ҚҚ, «Либерти Груп ЛТД» ЖШС сияқты жұмыс берушілер жұмыс ұсынатын болды.

ЕКПЕ АЛУ ЕКПІНІ

Елімізде коронавирусқа қарсы екпе жасау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр.

«Спутник V» ресейлік вакцинасымен егуге қатысты статистикалық мәлімет жарияланды.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ақпаратына сәйкес, 2021 жылдың 15 наурызындағы жағдай бойынша елімізде вакцинаның 1-компонентін қабылдағандардың жалпы саны – 69 095 адам. Вакцинаның 2-компонентін қабылдағандардың жалпы саны 18 807 адам болды.

№30 (4154) 16/03/2021 Сейсенбі

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

ЕКІ ЕЛ БАСШЫСЫ ПІКІР АЛМАСТЫ

Мемлекет басшылары Орталық Азиядағы ахуал жөнінде пікір алмасып, стратегиялық маңызы зор өңірдегі қауіпсіздікті, тұрақтылықты және өркендеуді қамтамасыз ету мақсатында ауқымды әрі жемісті ынтымақтастыққа екі тараптың да мүдделі екенін нақтылады. Екі елдің үкіметтері өзара саудаэкономикалық, гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі мәселелерін шешу бойынша келісілген жұмыстарды жалғастыра береді. Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы әуежайы маңында орын алған әуе апатынан адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айтқаны үшін Өзбекстан басшысына ризашылығын білдірді. Президенттер бір-бірін келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтап, Қазақстан мен Өзбекстан халықтарына бақ-береке тіледі.

ЕЛОРДАҒА ЛОКДАУН ЕНГІЗІЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының «қызыл аймаққа» енгенін ескере отырып, жексенбі күні, яғни 21 наурызда елордаға локдаун енгізіледі.

Жексенбіде СОО, СУ, СО (оларда орналасқан дәріханаларды, сондай-ақ тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сататын және орналасқан жеріне қарамастан қызметіне рұқсат етілген объектілерді қоспағанда), жабық азық-түлік емес базарлар, азық-түлік емес тауарларды өткізетін объектілер, жабық спорт объектілері, ХҚО, «Қазпошта» АҚ секілді мекемелердің жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Сондай-ақ дезинфекциялық жұмыстар жүргізілуіне байланысты жексенбі күні қоғамдық көліктің жұмысы тоқтатылады.

Сенбі және жексенбі күндері фитнес-орталықтардың, фитнес-клубтардың, спорттық-сауықтыру объектілерінің, сауналардың, СПА-орталықтардың («сары аймақ» критерийлері қолданылатын «Ashyq» қанатқақты жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда) жұмысына тыйым салынады.

«Қаладағы эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз. Өткен мереке күндерінен кейін коронавирус инфекциясын жұқтырушылар саны күрт көбейді. Осыған байланысты қосымша карантиндік шектеулері бар қаулы 18 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Наурыз мейрамына орай бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салынады. Індеттің өршуіне жол бермеу керек. Медициналық ұйымдар мен медицина қызметкерлеріне шамадан тыс жүктеме болмас үшін қатаң санитарлық нормалар сақталуы қажет, яғни бетперде тағып, әлеуметтік қашықтықты сақтау керек» деді Нұр-Сұлтан қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова.

С.Бейсенова 18 наурыздан бастап қоғамдық тамақтану объектілерінің (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар) жұмыс және демалыс күндері сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін жұмыс уақыты қысқаратынын атап өтті.

Сонымен қатар, 18 наурыздан бастап кинотеатрлар мен кинорумдардың жұмысына тыйым салынады.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

Наурыз мерекесі қарсаңында «Нұр-Сұлтан-1 – Шымкент» бағытындағы №202/201 жолаушылар пойызына қосымша рейстер қосылады.

Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі хабарлады.

Қосымша пойыздар «Нұр-Сұлтан-1» стансасынан 2021 жылы 19, 22, 26 наурызда жөнелтіледі, Шымкент стансасынан 2021 жылы 20, 23, 27 наурызда жүретін болады. Ұлттық тасымалдаушы жолаушылардан BILET.RAILWAYS.KZ сайты немесе «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы жол жүру билеттерін онлайн рәсімдеуді болатынын айтады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда теміржол билеттерін «Күту парағы» функционалын пайдалана отырып сатып алуға болатындығын ескертеді. Сонымен қатар, карантин режиміне байланысты жолаушылардан вокзалдар аумағында және пойыздар ішінде бетперде режимін сақтап жүрулері сұралады.

ҚАҢТАРЫЛҒАН ҚҰРЫЛЫСТАР ҚАТАРҒА ҚОСЫЛАДЫ

Елордада соңғы жылдары құрылысы ұзаққа созылған нысандар құрылысын аяқтау жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Қала әкімі Алтай Көлгінов бұл түйінге баса назар аударып, жұмыс барысын өзі жіті қадағалап келеді.

Демалыс күндері «Жеті жол», «Зере-1», «Ақерке-2» тұрғын үй кешендеріне барған әкім пандемия кезінде де «сақалды» құрылыстардың жұмысы тоқтап қалмауы үшін қала әкімдігінің қолдан келген көмектің бәрін жасағанын жеткізді. Бұл туралы қала әкімі өз Instagram парақшасында жазды. «Құрылысы ұзаққа созылған «Зере-1» тұрғын үй кешенінің жеті жылдық тарихы бар. Үлескерлерінің саны – 200-ге жуық. Мұнда үйдің қаңқасы ғана болды. Тұрғын үй кешенінің қасбеті бойынша жұмыстар жүргізілді, терезелер, есіктер, лифтілер орнатылды. Ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілді. Тұрғын үй кешені инженерлік желілерге – суға, электр энергиясына, жылуға және кәрізге қосылды. «Ақерке-2» тұрғын үй кешенінің жағдайы да «Зере-1»-ге ұқсас. 150-ден астам отбасы жеті жылдан астам өз пәтерлерін күтіп жүрді. Қазір тұрғын үй кешенінде үйдің қаңқасы аяқталды, терезелер, есіктер, лифтілер орнатылды. Жобалық-сметалық құжаттаманы дайындау және қасбеті бойынша жұмыстар жүргізілді» деп жазды әкім.

Сонымен қатар, «Жеті жол» тұрғын үй кешенінің жағдайына да тоқталған әкім қазір құрылыс жұмыстары қауырт жүріп жатқанын жеткізді. «Жеті жол» тұрғын үй кешеніндегі үлескер саны – 600-ге жуық. Үйдің онжылдық тарихы бар. Үйге және инженерлік желілерге жобалау-сметалық құжаттаманы түзету бойынша жұмыстар жүргізілді. Терезелерді салу, инженерлік желілерді қосу және т. б. бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Құрылыс қарқынын бәсеңдетпеу және оның сапасына ерекше назар аудару, құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейінгі аумақтарды абаттандыру мәселесі бойынша тапсырмалар берілді. Аталған үш үй осы жылы беріледі. Бір жарым жыл ішінде құрылысы ұзаққа созылған нысандардың саны екі есеге азайды. Биыл пәтер кілтін тағы 7 мың үлескерге беруді жоспарлап отырмыз» деді А.Көлгінов.

БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Білім беру жүйесі – маңызды бағыттардың бірі. Оқушылардың жетістіктері мектепте алған біліміне тікелей қатысты. Білім алу үшін заманауи технологиялармен жабдықталған мектептерді салу жеткіліксіз. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру да өте маңызды. Елордалық мектептердің басшыларымен осы бағыттарды және инклюзивті ортаны одан әрі дамыту мәселесі талқыланды» деп жазды Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында.

Бірінші. Жалақы және тұрғын үй мәселесі. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Мемлекет басшылығының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылға дейінгі жалақыны жыл сайын 25% арттыру жалғасады.

2019 жылы күзде жас педагогтарға арналған 350 орындық жатақхана ашылды. Сондай-ақ тұрғын үй бағдарламасы жұмыс істеп жатыр (бұрынғы ҚИК деп өзгерген). Тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1-ден 1,5 млн теңгеге дейін артты және т. с. с. жұмыстар бар.

Екінші. Біліктілікті арттыру. «Ozat » жобасын іске асыру шеңберінде мектептер мен колледждердің 400 пән мұғалімі білім алушылары PISA тапсырмаларына дайындық бойынша біліктілікті арттыру курстарын оқып шықты. Кембридж университетімен бірлесе отырып бөлісу жобасы жалғасып жатыр. Бұл жоба мұғалімдерге шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасуға, шетелге курстарға баруға және т. б. мүмкіндік береді.

Үшінші. Инклюзивті орта. Қосымша білім беру нысандары. Былтыр бірқатар мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері, қосымша білім беретін филиалдар, «Арқа ALAN» ұлттық спорт түрлері орталығы, «Art Tumar» сәндік-қолданбалы өнер орталығы және т. б. ашылды.

Биыл да осы бағытты басқаруды жоспарлап отырмыз: инклюзия кабинеттерінен басқа – Оқушылар сарайын, «Таным» креативті технологиялар орталығын, әскери-спорт клубын, түрлі үйірмелерді және т. б. ашамыз.

Төртінші. Мектептер құрылысы. Биыл 16 мектеп саламыз. Бұл 40 мыңнан жоғары

оқушы орнын құруға мүмкіндік береді. Өткен жылмен оқитын оқу орындарының саны 2 еседен жоғары артады.

Барлық мектептер қауіпсіздігі үшін бейнекамералармен жабдықталған. Сонымен қатар, мектепте тамақтандыруды сатып алу процесі автоматтандырылды.

Бесінші. Жеке инвестиция тарту. Мектеп құрылысына да жеке инвестиция тартамыз. 2019-2020 жылдары 30 жекеменшік оқу орнының құрылысы қолдау тапты. Жұмыстың бір бөлігі осы жылы беріледі.

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов тұрғындарды онлайн қабылдады. Бұл туралы әкім Instagram парақшасында мәлім етті. «Бүгін кезекті рет азаматтарды онлайн қабылдадым. 20-ға жуық адам қатысты. Әр тұрғын 3-4 сұрақпен жолықты» деп жазды әкім.

«Тұрғындардан келіп түсетін мәселелерді шешу уақыты қысқамерзімді, ортамерзімді және ұзақмерзімді болып бөлінеді. Соңғысына ірі объектілердің, жолайрықтардың, инженерлік желілердің, нөсер кәріздерінің және т. б. құрылысы жатады, өйткені олар бойынша бірінші кезекте барлық құжаттаманы дайындап, сосын ғана тікелей іске асыруға кірісу қажет. Азаматтарды қабылдау кезіндегі сұрақтарды да сол қағида бойынша бөлеміз. Мәселелерді шешу барысында жеке сұрақтан жалпыға көшуге тырысамыз. Сұрақтардың басым бөлігі тұрғын үй және әлеуметтік мәселелер бойынша түсетіндіктен, «Жаңұя» отбасы институтын қолдау орталығы (Бейбітшілік, 14) мен Тұрғын үй саласында қызметтер көрсету жөніндегі бірыңғай орталық (Республика даңғылы, 32) ашылды. Олар тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, медициналық көмек, жұмысқа орналасу, қосымша білім алу және т. б. бойынша сұрақтар да келіп түседі. Осы жылдың басынан бері орынбасарлар, басқарма басшылары және аудан әкімдері мыңға жуық тұрғынды қабылдады. Азаматтарды қабылдауды апта сайын өткіземіз. Бұл «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында кері байланысты айтарлықтай нығайтуға, қала тұрғындарын барынша көбірек қамтуға мүмкіндік береді» деп жазды қала әкімі.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ

БЕЙЖІҢ

Бейжіңде құмды дауыл соғып, 428 қоғамдық көлік рейсі тоқтады. Қаланың ауасы ауыр дәрежеде ластанып, PM10 индексі 500-ден асса, PM2 көрсеткіші 300-ге таяды. Бұл – Қытай астанасында 10 жылдан бері кездеспеген жағдай. Осыған байланысты Бейжің қаласы сары түсті дабыл қағып, тұрғындарды, мүмкіндік болса, сыртқа шықпауға шақырды. Айта кетейік, осындай құмды дауыл 14 наурыз күні Моңғолияда соғып, 6 адам қаза тауып, 81 адам із-дерексіз кеткен еді. Мамандар шаңды дауылдың соғу себебін ауа райындағы өзгеріс пен климаттың жылынуымен қатысты деген болжам айтуда.

НЬЮ-ЙОРК

Қала әкімшілігі Бруклин көпіріне «корона» пневмониясынан қайтыс болғандардың сағым суретін түсіріп, індеттен қайтыс болған тұрғындарды еске алды. Сол күні қалада COVID-19 індетінен қаза болғандарды еске алған ауқымды шара өткізілді. АҚШ-та қазірге дейін 781 мың адам қайтыс болды. Мұның көбі – Нью-Йорк тұрғындары. Бұл елде қазірге дейін 30 миллионға жуық адам індет жұқтырған. Осыған байланысты алып қалада жаппай екпе салу жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр.

№30 (4154) 16/03/2021 Сейсенбі

ТЕРІС БАҒЫТТЫҢ ҚАУПІН ТҮСІНДІРЕДІ

Нұр-Сұлтанда діни экстремизм мен терроризм идеялары таралуының алдын алу үшін тұрғындар арасында кешенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүріп жатыр.

Іс-шаралардың негізгі міндеті – дін саласындағы мемлекеттік саясатты және қазақстандық қоғамның зайырлылық қағидаттары, дәстүрлі құндылықтары туралы ақпаратты түсіндіру және дәстүрлі емес деструктивті діни ағымдар қызметінің қауіптілігі туралы хабардар ету.

Осылайша жыл басынан бері 40-тан астам ұйымда 60-тан аса кездесу өткізілді. Барлық кездесулер санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын қатаң сақтай отырып өткізіледі.

2021 жылы 20 онлайн-дәріс өткізілді. Сондай-ақ Діндерді зерттеу орталығының «elorda_din» атты Instagram парақшасында дін тақырыбында тікелей эфирлер мен онлайн-дәрістер өткізіледі, онда әрбір қатысушы қызықтырған сұрақтарына тікелей жауап ала алады.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде діни экстремизм идеялары таралуының алдын алу мақсатында жоғары білікті мамандардан тұратын ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері қазақстандық қоғамның зайырлылығын, дәстүрлі құндылықтарын насихаттауды жүргізеді.

Айта кетейік, орталықтандырылған «109» нөмірі арқылы елорда тұрғындары дін саласындағы өз мәселелері мен ұсыныстарын айтып, діни бірлестіктер, діни ғимараттар мен діни мерекелер туралы ақпарат ала алады. Қажеттілігіне қарай теологтардың, дінтанушылардың және психологтардың жоғары білікті мамандарынан көмек және кеңес алуға болады. Сонымен қатар, «109» сенім телефоны арқылы дін саласындағы бұзушылық фактілері және басқа да мәселелер бойынша хабарласуға болады.

МАСЛЕНИЦА МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының Достық үйінде Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінің қатысуымен Масленица мейрамы аталып өтілді.

Мерекелік іс-шара барысында «Дала өлкесіндегі казактар одағы» РҚБ елорда филиалының, «Лад» республикалық славян қозғалысының астаналық филиалының, «Акбузат» башқұрт этномәдени бірлестігінің, «Оберег» украиндар қоғамының, «Радима» белорус мәдени орталығының, «Тан» татар-башқұрт этномәдени орталығының, «Злата» болгар этномәдени орталығының шығармашылық ұжымдары концерттік бағдарлама қойды.

Мерекелік шараға қонақ болып қатысқандар әртістермен бірге ән айтып, би биледі. Сол сияқты ұлттық киімдерді тамашалап, жаңа піскен құймақтан дәм татты. Келген жұртқа бас-аяғы 1000 құймақ таратылды. Дәстүр бойынша Масленица мерекесі кезінде жұрт құймақ пісіріп, бір-біріне қонаққа барады. Ал мерекенің соңғы күні жексенбімен тұспа-тұс келетіндіктен, жұрт жыл бойы кеткен қателіктері үшін бір-бірінен кешірім сұрайды.

Масленица мерекесі барысында елордалықтар гір көтеру, армрестлинг, арқан тарту секілді спорттық жарыстарға қатысты. Сол сияқты шапшаң әрі ептілері де өз қабілеттерін дорба ішінде тұрып қашықтыққа секіру жарысында байқатып жатты. Ал мерекелік кеш соңында дәстүрлі түрде арнайы әзірленген тұлыпты өртеді. «Масленица қысты шығарып салып, көктемді қарсы алу, осылайша әлемді жаңарту түсінігімен байланысып жатады. Бұл мереке Еуразия кеңістігінде көнеден бері тойланып келеді. Ал Қазақстан елінде тұратын түрлі ұлт өкілдері үшін бұл интернационалдық мерекеге айналды» дейді Парламент Мәжілісінің депутаты Сауытбек Абдрахманов.

БАС ҚАЛАДА КОЛИЗЕЙ АШЫЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Ататүрік паркінде реконструкция жұмыстары жүргізіледі. Мұнда осы жазда көше спортының колизейі ашылады.

Екі деңгейлі мультифункционалды аренаның 4 кіреберісі, периметрі бойынша отыратын орны болады. Ал екінші деңгейінде көлеңкелі шатырлар тігу қарастырылған. Колизей аренасы баскетбол, футбол жарыстары, бокс турнирлері, би батлдары және гимнастика жарыстары өтетін орынға айналады. Қыс мезгілінде стенд хоккейшілер мен конькимен сырғанаушылар үшін мұз айдыны болады. «Елорда әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасы бойынша қала аумақтарын, яғни саябақтарды, сквердерді, аула аумақтарын абаттандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша Ататүрік паркін функционалды түрде стритфуд, спорттық-жаттығу, балалар ойыны және мини-экстремалды алаңдарға бөлу жоспарланып отыр. Мұндай қоғамдық кеңістіктер қаланың барлық аумақтарында жасалатын болады» дейді Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев.

Бұл жұмыстардың бәрі «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары бойынша жүргізіліп жатыр. Оны жүзеге асыру аясында былтыр елордада 60 қоғамдық кеңістік құрылып, 150-ден астам аула абаттандырылды.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

КӨЛІК ЖҮРІСІН КІМ РЕТТЕЙДІ?

zhadira79@mail.ru

Жадыра ШАМҰРАТОВА

Қаладағы қоғамдық көліктердің қозғалысына қатысты сын жиі айтылады. Ол негізсіз емес.

Мысалы, №52 автобус келіп болмайды, сарылтып, күттіріп әрең көрінеді. Ескі әрі іші солярка мүңкіген №53, 50, 52 сияқты автобустарды жаңасына ауыстыратын уақыт келмеді ме? Әсіресе, №53 автобустардың бәрі дерлік өте ескі. Ол өзі «ЭКСПО» шағын ауданы (реабилитациялық-клиникалық кешен) жақтан келеді, содан сол жағалаудан өтіп, оң жағалауға, «Астаналық» базардың үстімен «Шарынға» барады, үнемі халық лық толы болады. Елорданың қоғамдық көліктерінің көбінің іші лас, терезесінің кірі баттасып, аялдаманы көре алмайсың. Оның үстіне жүргізушілер аялдаманы хабарлап отыратын жазбаны қосып қоюға да ерінеді.

№60 автобус жаңа, қуанып мінесің, таңертеңгілікте жақсырақ жүреді, бірақ түске жақын «шаршайды», 10 мен 12 арасында келіп болмайды, автобус аз шығар да, жүргізушісі демалып алатын шығар деп топшылаймыз. Кейде автобустардың тату құрбылар секілді бірге жүретін кездері болады, оның бәрі қозғалыстың реттелмегендігінен. Мысалы, 19.01 сағат таңертеңгі 8 шамасында екі бірдей №40 автобус, екі бірдей №53 автобус бірінен соң бірі қосамжарласып келді. Мүмкін, олардың біреуі кептеліске тап болып қалған шығар да, екінші автобус соңынан келген шығар, дегенмен осы арада халық сарылып күтіп тұрды. Кей жерде жылы аялдамалар жоқ.

ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

? – Алдағы уақытта елорда экологиясын жақсарту мақсатында қандай жұмыстар атқарылатынын білгім келеді.

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

! *– Астана әкімдігі қала экологиясын жақсартуға баса назар аударып келеді. Жұмыстар бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Олар қаланы ауқымды көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, газдандыру, тасымалға электроавтобустарды жіберу, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және т. б. жұмыстарды қамтиды. Педагогтар, дәрігерлер мен құтқарушыларымыздың құрметіне аталатын тақырыптық сквердер мен саябақтар ашып, абаттандыруды да жоспарлап отырмыз.*

Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерде тал егуді жалғастырумен қатар, Қазақ елі алаңында, Бейбітшілік және келісім сарайы, Оқушылар сарайы, вокзал, әуежай, СОО, тұрақ кеңістіктері мен т. б. аумақтарда ағаш отырғызылады. Бұған қоса, «Астана Балет» маңындағы аумақта жасыл бақ, «Астана Опера» аумағында емен бағын, ал Триатлон саябақта сирень бағын жасау жоспарланған. Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру кезінде учаскелерді көгалдандыруға да назар аударылады. Сондай-ақ қала экологиясын жақсартуға елорданы газдандыру да көмектеседі. Қазір қалада газдандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Бақытгүл ТҰРСЫНҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Мектеп мұғалімдерін жыл сайын курстан өткізіп тұратын еді. Оқытушы ретінде білейін дегенім, бұл үрдіс биыл да жалғаса ма?

Бұл сауалға Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің жауабын ұсынамыз:

– Мұғалімдерді курстардан өткізу жалғасады. Бұған дейін де барлық педагогтарды қысқа мерзімді курстардан өткіздік. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де өз жалғасын табады. Жалпы педагогикалық университеттерде педагог мамандарды дайындағанда да қашықтан оқытудың міндетті пәнін, міндетті модулін енгіземіз. Біліктілікті арттыру курстарында қашықтан оқытудың тиісті модульдерін қосамыз. Биыл қашықтан оқыту форматында өтіп жатыр. Қашықтан оқыту жағдайында оқушылар мен мұғалімдер қажет компьютерлік техникамен қамтамасыз етілді. Бұл бағытта Үкіметтің резервінен де, жергілікті бюджеттен де қаражат бөлініп, соның арқасында ауқымды көлемде компьютер сатып алынды және балаларға таратылды. Дегенмен онлайн жүйені әлі де жетілдіреміз.

АСТАНА АУДАНЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Урбанистика орталығының мамандары мен «Уют» тұрғын үй кешенінің тұрғындары жаңа қоғамдық кеңістік ашылатын орынды бекітті.

Есіл ауданының тұрғындары урбанистермен талқылау барысында жаңа қоғамдық кеңістік салып, «Уют» ТК жанындағы бос учаскені абаттандыруды ұсынды. ПИК өкілдері мен белсенділер Сығанақ, 18/1 аумағын абаттандыру бойынша үй арасында бос жатқан проблемалы учаскелерді «жандандыруға» тілек білдірді.

Қазіргі уақытта ұсынылған идеялар негізінде эскиздік жобаны әзірлеуге арналған техникалық тапсырма тұжырымдамасы жасалу үстінде.

СОФИЯ

Болгарияның астанасында жергілікті тұрғындар «Mesni Zagovezni» деп аталатын алау жағу дәстүрлі мерекесін өткізді. Сайтанды қуып, пәле-қазаны аластау мақсатында өткізілетін бұл мерекені тамашалауға әр жылы әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшылар келіп, елдің туризм саласына тың серпін беретін. Биыл індетке байланысты шетелдік туристер келген жоқ. Шетелдік туристер келмеген соң, елдің туризм шаруашылығы да тұралап тұр. Бұл елде 7-10 айлар саяхат жасаудың ең қолайлы мезгілі саналады.

БАНГКОК

Таиландта пілдер күні аталып өтті. Ел астанасы мен ежелгі астана Аютия қаласында өткен бұл іс-шарада жануарларға жеміс-жидек үлестірілді. Осылайша піл асыраушылар саяхатшыларға қарсы енгізілген шаралардың жеңілдететініне сенім білдірген. Қазір бұл аймақта қолға үйретілген 3800 піл бар екен. Кәсіпкерлер індет кезінде оларды күтіп-бағу оңай емес екенін алға тартады. Айта кетейік, Таиландта пілдер ұлт мақтанышына және ел мәдениетінің нышанына айналған. Таиландқа келген саяхатшылардың пілге мініп немесе пілмен бірге суретке түсіп, тамашаламайтыны кемде-кем.

№30 (4154) 16/03/2021 Сейсенбі

АСТАНА БАС ЖОСПАРЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Биыл елорданың жаңа бас жоспарын әзірлеу басталды. Осы жылдың аяғында немесе келесі жылдың басында осы құжат бекітілуі тиіс. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары «Астана бас жоспары» ғылыми зерттеу-жобалау институтына барғанда бұл туралы айтқан мекеме директоры Сәрсенбек Жүнісов институт жұмысымен таныстырды.

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

МЕЖЕ – 2 МЛН 140 МЫҢ АДАМ

Аталмыш мекеменің құрылғанына өткен жылдың қазан айында жиырма жыл толды. Осы уақытқа дейін институт бас қаланың екі бас жоспарын әзірлеп, оған үш мәрте түзету енгізді.

– Мұның әртүрлі себептері бар. Бастапқы себебі қала тұрғындарының саны күрт артып кетті. Бірінші бас жоспар 640 мың тұрғынға шақталса, екіншісі 800 мың адамға арналды. Бірақ бұған қарамастан қала қарқынды өсе берді. Сондықтан тұрғындар санына қарай құжатқа түзету енгізіп отырдық. Соңғы түзету «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің өтуіне байланысты енгізілді. Көрме аумағын, жаңа теміржол вокзалын жобаладық. Ал биыл жаңа бас жоспарды әзірлеуге кірістік. Бұл құжатты он сегіз министрлік, отыз төрт комитет, қаланың барлық басқармалары қарайды. Оның үстіне жобаны биыл Астана күні өткеннен кейін тұрғындардың талқысына шығарамыз. Одан соң қалалық қоғамдық кеңес қарауына ұсынамыз. Соңғы болып жаңа бас жоспарды қалалық мәслихат қарап, бекітуі тиіс. Мемлекеттік сараптамаға өткізген соң, бәрі дұрыс болса, құжат Үкіметтің қаулысымен бекітіледі, – деді Сәрсенбек Жүнісов.

Қазіргі қолданыстағы бас жоспар 80 мың гектарға, 1 млн 200 мың тұрғынға шақталған. Оған жаңа зират пен ұлттық пантеон, Майбалық көлінің аумағы қосылды. Бас қаланың жаңа басты құжаты 2 млн 140 мың адамға арналады. Мекеме басшысының айтуынша, әлемнің барлық астаналарында сол ел халқының 10 пайызы тұрады.

– Мәселен, Ресейде 140 миллион адам тұрса, Мәскеу тұрғындарының саны – 14 миллион. Біз де осы тәжірибені ескеріп отырмыз. Қазір Қазақстан халқының саны 19 миллионға жуықтады. Біз де астана тұрғындарының саны жуық арада 1 миллион 400 мың болады деп жобалап отырмыз. Ал 2 миллиондық межеге 2050 жылы жетеміз деген жоспар бар. Бастапқыда сыртқы көші-қон болған еді. Енді ішкі миграция қатты жүріп жатыр. Өңірлерден бас қалаға көп адам көшіп келуде. Бұл көшті тоқтату әзірге мүмкін емес, – деді Сәрсенбек Ендібайұлы.

> **Қазіргі қолданыстағы бас жоспар 80 мың гектарға, 1 млн 200 мың тұрғынға шақталған. Оған жаңа зират пен ұлттық пантеон, Майбалық көлінің аумағы қосылды. Бас қаланың жаңа басты құжаты 2 млн 140 мың адамға арналады. Мекеме басшысының айтуынша, әлемнің барлық астаналарында сол ел халқының 10 пайызы тұрады**

ТҰРҒЫНДАР ҚАЖЕТТІЛІГІ ЕСКЕРІЛГЕН

Бүгінгі бас жоспар 129 секторға бөлінген. Әр сектор 10 мың тұрғынға шақталған. Мектептер, балабақшалар, емханалар, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, шағын бақтар, полиция пункттері соған сай жобаланды. Бұл – тұрғындарға ең қажет нысандар. Олар міндетті түрде жоспарланады. Бұған дүкендер сияқты коммерциялық нысандар да кіреді.

«Астана бас жоспары» басшысының айтуынша, Қазақстан халқын сумен қамту – үлкен мәселе. Бұл проблема астанада да бар. Қазір елордаға ауыз су Вячеслав су қоймасынан келіп отыр. Осы қойма Қаныш Сәтбаев атындағы арна арқылы толтырылады. Болашақта Степногорск, Атбасар аумағындағы, Қорғалжын тасжолы бойындағы Нұра су көздері арқылы бас қалаға су тарту жоспарланып отыр.

Қаланың өсуіне байланысты тұрғындарды жылу мен электр энергиясымен қамту да бас жоспарда ескеріліп, нөсер сулары кәріздері, газдандыру жобалары дайындалған. Жаңа 3-ЖЭО толығымен газда жұмыс істейтін болады деп жобаланды.

– Жаңа аумақтарды тиісті желілермен қамту үшін ескі аудандарды сүруді шештік. Сондай жобаның бірі базар аумағында, Шоқан Уәлиханов, Асан қайғы көшелерінде жүзеге асырылып жатыр. Электр энергиясы бұрын әуе арқылы тартылса, енді кабельдер жер астына салынады, – деді С.Жүнісов.

ЖАҢА ӘУЕЖАЙ, ҮЛКЕН САЯБАҚ ПЕН ІРІ МЕШІТ САЛЫНАДЫ

Елордадан Ерейментауға апаратын жолдың бойында, Сарыоба көлінің аумағында жаңа әуежай салу жоспарланып отыр. Оның себебі қазіргі Назарбаев халықаралық әуежайына осы күннің өзінде артық күш түсіп кеткен.

– Қолданыстағы әуежайда VIP, халықаралық және ішкі желілер, төтенше жағдайлар, әскери мақсаттардағы және тіқұшақтарға арналған жолақтар жұмыс істейді. Яғни функциялары артып кеткен. Норматив бойынша әуежайлар аумағы 1,5 мың гектар болуы керек, – деді «Астана бас жоспары» басшысы.

Нұр-Сұлтан қаласында жалпы ауданы 258 гектар болатын үлкен саябақ салынайын деп жатыр. Нысан Қабанбай батыр, Мәңгілік ел даңғылдары, Хусейн бен Талал көшесі аумағында, 30 мың адамға арналған жаңа мешіт айналасында орналасады. Бұл саябақ жеті дендрологиялық аймаққа бөлінеді. Мұнда алма, шие бақтары, қайыңдар, қарағайлар орманы болады. Яғни табиғат саябағына айналады. Аталмыш нысан құрылысына Нью-Йорктегі 340 гектарлық саябақтың тәжірибесі алынды. Нысан ішіне қоғамдық көліктер кіретін қаладағы жалғыз саябақ болады. Ол үшін сегіз жылы аялдама орнатылады. Саябақ барлық жыл мезгілдерінде жұмыс істейді деп жоспарланып отыр. Онда субұрқақтар, бірегей сәулет пішіндері салынады. Бәрі қазіргі заманға сай келетін және шығыс стилінде болады. Құрылыс бірнеше кезеңге бөлінеді. Саябақ пен мешіт құрылысына Түркияның «Sembol» компаниясы жауапты. Арасында қазақстандық мердігерлер де бар. Бір айта кетерлігі, мешіт бюджет қаржысына салынып жатқан жоқ. Мұның құрылысына Президент іс басқармасы тапсырыс берді. Ал абаттандырумен қала әкімдігіне қарасты мекемелер айналысады.

«Астана бас жоспары» институты Түркістан облысы мен Шымкент қаласының бас жоспарын әзірлеу конкурсын да ұтып алды. Қазір осы жұмыспен де айналысып жатыр. Болашақта егер Ақтөбе қаласы республикалық шаһар мәртебесін алса, оның бас жоспарын әзірлеуге де үмітті. Институтқа бірнеше шеберхана қарайды. Қызметкерлердің жалпы саны – 196 адам. Жазда олардың саны көбейіп, 250 адамға дейін барады.

ЕЛОРДА ҚАЛАЙ ТҮРЛЕНЕДІ?

Нұр-Сұлтан қаласының Урбанистика орталығы Space Syntax халықаралық командасымен бірлесіп «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» атты шеберлік жоспарын жасады. Мұнда қала тұрғындарының түрлі мүдделері жан-жақты ескерілген.

bi_barys01@mail.ru
Дәулет АСАУОВ

Елорданы дамытудың әлеуметтік-экономикалық стратегиясына арналған құжат нақты үш мақсатты көздейді:

1) адамдар үшін жайлы қала;

2) экологиясы таза тұрақты қала;

3) белсенді өмір салтын жүргізетін салауатты қала.

Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкеннің айтуынша, шеберлік жоспары тактикалық және стратегиялық жобаларға негізделіп іске асырылуда. Тактикалық жоспарлар тұрғындар үшін жайлы ортаны құруға бағытталған. Бұл мақсатта биыл қоғамдық кеңістіктер, аулаларды жобалау және елорда көшелерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде, оған қала тұрғындары да тартылады.

– Қала құрылымындағы өте маңызды элемент – қоғамдық кеңістік. Оның дұрыс басқарылуы біз үшін маңызды. Әлемде инвесторлардың, белсенді азаматтардың қоғамдық орындарды тиімді басқару тәжірибесі бар, – деді Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен.

Орталық автокөліктер үшін емес, адамдардың өмір сүруіне қолайлы әрі ыңғайлы қала құру идеясын насихаттайды. Ол үшін мүмкіндігінше қоғамдық орындарды көптеп құру, жаяу жүргіншілерге арналған тротуарларды кеңейту және велосипед жолақтарының ұзындығын арттыру көзделген.

Осыған орай, Триатлон саябағындағы спорттық ойындар мен таза ауада демалуға арналған көпірасты кеңістік үлгісімен қаланың басқа бөліктерінде де осы тектес демалыс орындарын жүзеге асыру ойластырылып жатыр. Сондай-ақ «Астана» саябағынан бастап Президенттік саябаққа дейінгі барлық үлкен саябақтар біріктірілетін болды. Қысқы демалысты сүйетіндер үшін «Nur-Sultan Snowpark» сноубордшыларға арналған жасанды сырғанағы ашылды.

Елорданың солтүстік жағалауындағы Абай даңғылы, Сәтпаев және Петров көшелері де түрленіп, көркейетін болады. Бұл жерлерде велотұрағы бар велосипед жолақтары жасалады.

Қоғамдық орындарда жасыл желекті көбейту, субұрқақтар мен қаланың бірқатар ауданында орындықтары мен әткеншектері бар демалыс орындарын құру жоспарланған.

– Біз қалалық орман, амфитеатр аймағын құруды көздейміз. Онда адамдар кішігірім концерттер мен іс-шараларды өткізе алады және осы жерге өте керемет субұрқақ орнатқымыз келеді, – деді орталық басшысы.

Былтыр қала тұрғындарының қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізілді. 40 аула және 20 қоғамдық кеңістік жобасы іске асырылды.

– Абаттандыру бағдарламасы шеңберінде тротуарларды кеңейту, велосипед жолдарын бөлу, қажетті инфрақұрылым құру бойынша жұмыстар жүргізілуде және Омаров к-сі, Бөгенбай батыр даңғылы, Бейбітшілік (7,1 км), Қосшығұлұлы, Сейфуллин (2,5 км) көшелері, Абай даңғылы (3 км), «Еуразия» сауда үйінің аумағын (14,3 км) қайта құру жобалары әзірленді, – дейді Елнар Базыкен.

Айта кетейік, «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» бас жоспары елорданың 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы аясында жасалған.

Елордада мониторингтік топтар күшейтілген жұмыс режиміне көшірілді. Карантиндік шектеулердің бұзылуын анықтау және болдырмау үшін рейдтер қаланың барлық аудандарында өткізілуде.

БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТТІ

Сондай шаралардың бірінде, 13 наурыз күні түнде, мониторинг тобы «ВНВ» барының белгіленген жұмыс режимін бұзып қызмет көрсететінін анықтады. Түн ортасынан ауса да, аталған сауық орнында 400-ге жуық адам көңіл көтеріп жүрген. Бұл елорданың санитарлық дәрігері қаулысының талаптарына қайшы келеді. Сонымен қатар, барда демалып жүрген жандар әлеуметтік қашықтық пен маска режимін сақтамаған. Осы факт бойынша жинақталған материал кәсіпкерлік субъектісін жауапкершілікке тарту үшін тиісті органдарға жіберілді.

Айта кетейік, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап елорданың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 287 шұғыл хабарлама келіп түскен. Олардың негізінде кәсіпкерлік субъектілеріне карантиндік шектеулерді бұзу ісіне қатысты жоспардан тыс 280 тексеру жүргізілген.

Олардың қорытындысы бойынша 261 жеке және заңды тұлға жалпы сомасы 60,5 млн теңге әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметкерлері мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқауды әлденеше рет орындамаған 47 «қасақана заң бұзушыға» қатысты 54 материал жолдады.

ӘРБІР ТӨРТІНШІ ТҰРҒЫН – ЖЕКЕ КӘСІПТЕ

Бір жыл бұрын төбеден жай түсіргендей басталған коронавирус індетінің уыты әлі сейілген жоқ. Бұл жағдай жұрттың тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай кесірін тигізгені өз алдына, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне де зор қауіп төндірді. Осыған орай, тұрғындарды ас-сумен қамтамасыз ету көкейтесті мәселелердің біріне айналды.

Аталған қауіпке қарсы күресу және оның зардаптарын бәсеңсіту мақсатында Сарыарқа ауданы аумағында 2021 жылы Ақмола облысының азық-түлік тауарларын төмендетілген бағамен сатып алу үшін сауда нысанын салу жоспарланды. Бұл жоба ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге қолдау көрсетуге мүмкіндік береді және «алаңнан үстелге дейін» тұжырымдамасына сай келеді.

Сонымен қатар, базарларды жаңғырту бағдарламасы шеңберінде оларды эстетикалық түрге келтіру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Бұл сауда көлемінің одан әрі өсуіне ықпал ететін болады. Сондай-ақ мемлекеттің түрлі қолдау бағдарламалары арқылы жеке кәсіппен айналысушылар санын арттыру мәселесі де күн тәртібінде тұр.

Жалпы ауданның әрбір төртінші тұрғыны шағын және орта бизнес саласында еңбек етеді. Бұл туралы жыл басында өткен есептік кездесулердің бірінде аудан әкімі Есет Байкен мәлімдеген болатын.

Қазіргі күні өңірде «Көше саудасына – 1000 орын» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 198 жер телімі бөлініп, 192 павильон орнатылған. Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы шеңберінде 11 шағын кәсіпкерлік субъектісіне қайтарымсыз грант түрінде қолдау көрсетілген.

АСҚЫНДЫРМАЙ ҚАРАЛҒАН АБЗАЛ

Бұл көктемде коронавирус жұқтырғандар саны азайғанмен, ауруханаға ауыр жағдайда келетін пациенттер көбейді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы директорының клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Ләззат Ералиеваның айтуынша, бұған вирустың созылмалы ауруларды асқындырып, ағзаға салдары ауыр тиетіндігі басты себеп.



ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

«Қазір халық COVID-19 туралы көп нәрсе біледі. Бірақ болашақта оның жаңа әсері пайда болуы мүмкін. SARS-CoV-2 коронавирусы суыққа да, ыстыққа да төзімді. Сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтауды жалғастыру керек, яғни бұрынғыдай маска кию, арақашықтық сақтау, қолды жиі жуу талаптарын орындау қажет» дейді Л.Ералиева. Дәрігердің қорқынышы коронавирустың тұмау вирусы сияқты мутацияға ұшырайтындығымен байланысты. Мутациялану жылдамдығы үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан мүмкіндігінше адамдар тезірек екпе салдыру керек. Сонымен қатар ауырған жағдайда дертін асқындырмай, дереу учаскелік дәрігеріне хабарласу қажет.

Бұл ретте Денсаулық сақтау вице-министрі, ҚР бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Қиясов вирустың мутациясын бақылау және жаңа штамдарды анықтау мақсатында вирусты толық геномдық зерттеу бойынша жұмысты бастауды тапсырды. Сондай-ақ Пастер атындағы Санкт-Петербург эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу институтымен вирус антиденелерінің таралуын зерттеу бойынша ынтымақтастық орнату көзделіп отыр.

ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕ ҚАЛАЙ ЕГІЛЕДІ?

«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ басқарма төрағасы, ҚР ДСМ бас онкологы Диляра Қайдарованың айтуынша, онкологиялық аурумен ауыратын пациенттерді жағдайына қарай вакцинациялау қажет. Себебі мұндай науқастарда иммунитет қалыптасуы қиын. Соған қоса, қазір вакцина екі рет салынатынын ескере отырып, онколог емдеуді бастау немесе жалғастыру мерзіміне қарай шешім қабылдауы керек. Әсіресе, бұл енді ем бастаған науқастарға қатысты. Мұндайда вакцинацияны тек мРНҚ вакциналармен жүргізу керек. Оны қалай жүргізу туралы шешімді онколог және мультидисциплинарлық топ қабылдайды. Шешім қабылдау кезінде пациент үшін не қауіпті, жасы қаншада, жалпы жағдайы қалай, қандағы лейкоциттер мен нейтрофилдердің деңгейі қандай екендігі назарға алынады. «Қазіргі уақытта онкологиялық науқастарға қатысты COVID-19 туралы мәліметтер аз. Тірі вакциналармен вакцинация бойынша зерттеулер жүргізілген жоқ. Ресейде онкологиялық науқастарға «Спутник V» вакцинациясы бойынша клиникалық зерттеулер енді ғана басталды. Ең бастысы, әр пациентке жеке көзқараспен қарау қажет. Бұл ретте антиденелердің деңгейін тексерудің керегі болмайды» деді Д.Қайдарова.

> ДДҰ сайтында біздің еліміз екпені сынау бойынша **3**-кезеңге жеткен елдердің ішінде **14**-орында тұр. Бұл – үлкен жетістік. Екпенің құрамына келсек, ол – тазартылған, инактивті вакцина. Оны жасау технологиясына **70** жылдан астам уақыт болды. Кезінде осы технологиямен тұмауға, полиомиелитке, гепатитке қарсы вакцина жасалыпты

ОТАНДЫҚ ВАКЦИНАНЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Былтыр желтоқсанда QazCovid-in отандық вакцинасын клиникалық сынаудың үшінші кезеңі басталды. Бұл екпеге қазір еліміз қатты үміт артып отыр. Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының профессоры Берік Хайруллиннің айтуынша, осы соңғы кезең шілденің соңына таман аяқталған соң отандық екпенің қаншалықты тиімді екеніне толық көз жеткізіледі.

«QazCovid-in екпесі де арасына 21 күн салып бұлшық етке екі кезеңде егіледі. Екеуін де салып болғаннан кейін екі апта ішінде адам ағзасында ауруға қарсы антидене пайда болады. Ол адам енді коронавирусты жұқтыра алмайды. Бұл – біздің институт жасап жатқан бірінші екпе емес, алтыншысы. ДДҰ сайтында біздің еліміз екпені сынау бойынша 3-кезеңге жеткен елдердің ішінде 14-орында тұр. Бұл – үлкен жетістік» деді профессор. Екпенің құрамына келсек, ол – тазартылған, инактивті вакцина. Оны жасау технологиясына 70 жылдан астам уақыт болды. Кезінде осы технологиямен тұмауға, полиомиелитке, гепатитке қарсы вакцина жасалыпты.

ВИРУС МУТАЦИЯСЫ ҚАУІПТІ

Медицина профессоры Алмаз Шарманның айтуынша, 2020 жыл бойына коронавирус орташа есеппен айына 2-3 рет мутацияланды. Сосын жыл соңында ол үдеріс тоқтағандай болды. Мұның қауіптілігі мутацияланған сайын вирусқа қарсы екпенің күші кеми беретіндігінде болып отыр. «Жаңа вирус қалай және не себепті мутацияланатынын білу үшін вирустың өзі неден тұратынын анықтау маңызды. Қазіргі COVID-19 вирусы 30 мың құрылымдық бірліктен тұрады, тікенекті ақуыз көмегімен коронавирус адамның жасушасына бекіп, ағзаға енеді. Сосын ол өзінің көшірмесін жасап, көбею үшін біздің жасушалық механизмді пайдаланады. Алайда бұл механизмдер аса жетілмегендіктен, көбею кезінде коронавирус генетикалық код бойынша көп қателікке ұрынады. Сол қателіктер сосын коронавирустың келесі пайда болатын жаңаларына беріледі. Сөйтіп олар мутациялана бастайды. Мутацияның жақсы жүруіне вирустың пациент ағзасында көбірек болуы оң ықпал етеді» дейді профессор.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚҚА АЛДАНБАУДЫҢ АМАЛЫ, ҚАЙСЫ?

Қазір интернет-алаяқтардың дәурені жүріп тұр. Несие картаңыздың құпия кодын ешкімге айтпасаңыз да, әккі айлакерлер бір ғана телефон қоңырауы арқылы қажетіне қол жеткізеді. Көбінде аты-жөніңізді атап, өзін банктің ресми өкілімін деп таныстырады. Кейін тұратын мекенжайыңызды хабарлайды. Желіде-ақ жария тұрған ақпарат арқылы сөзіне иландырып, құрығына түсіреді. Сауалдарына жай ғана «иә» деп жауап берсеңіз жеткілікті, картаңыздағы қаражаттан айырылып қалуыңыз бек мүмкін немесе атыңыздан онлайн-несие рәсімдеп жібереді. Жалпы киберқауіпсіздік үшін «қаржылық сауаттылықтан сабақ алу керек еді» деп қиындатпай, төмендегі қарапайым ережелерді есте сақтағаныңыз абзал.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

СӨЗБЕН СЕНІМГЕ КІРЕДІ

Алаяқтар әдетте өздерін қаржы ұйымының қауіпсіздік немесе киберқауіпсіздік бөлімінің қызметкері ретінде таныстырады. Сосын сізге жаны ашығандай болып, көмектесу үшін хабарласқанын алға тартады. «Сіздің несие картаңыз немесе банктің мобильді қосымшасы арқылы күдікті операция жүргізілді. Оны тоқтату үшін банктен телефон нөміріңізге жіберілген құпия сөзді немесе смс-кодты дәл қазір атауыңыз керек» деп асықтырады. Сонымен қатар іші-бауырыңызға кіріп алу үшін картаңыздың мәліметтерін, ЖСН мен жеке куәлік нөмірін де атайды. Бұған таңғалмаңыз, себебі ақпараттық технологиялар заманында мұндай мәліметтерді анықтау қиын емес. Қарапайым әлеуметтік желіде-ақ өзіміз туралы ақпараттарды жалпақ жұртқа жария етіп отырамыз. Келесі өзін ресми өкіл деп таныстырған азамат жылдам және сенімді түрде сөйлейді, кәсіби терминдерді пайдаланады. Телефонның ар жағынан кеңседегі қарбаластың да дыбысын естіртеді. Осылайша психологияны меңгерген олар сөйлесіп отырған адамды абыржытып, сезімімен ойнайды. Түзетілуі қиын кемшіліктің орын алғанына сендіреді. «Құпия хабарлама мен смс-кодты ашудан бас тартсаңыз, есепшотыңыздағы ақшаны жоғалтасыз» деп қорқытар болса, әңгімені сол жерінен үзіп, тұтқаны қойған дұрыс.

ҮРЕЙГЕ БОЙ АЛДЫРМАҢЫЗ

Нағыз банк менеджеріне аты-жөніңіз бен төлқұжат деректеріңізді, ресімделген карталарды сұрап, есепшотта қанша ақша қалғанын хабарлау үшін қоңырау шалудың қажеті жоқ. Банк базасында барлық қызмет алушылардың жеке бас мәліметтері мен несие тарихы сақталады. Сондықтан олар аталмыш мәселелер бойынша ешқашан қоңырау шалмайды. Бұл ақпараттар алаяқтар үшін ғана маңызды.

Автоматтандырылған банк жүйелерінен келетін смс-хабарлама мен құпия кодтың өзінде «ешкімге, тіпті банктің қызметкерлеріне де жария етпеңіз» деп көрсетіледі. Картаның қолданылу мерзімін де, CVC/CVV-кодтарды (сыртқы жағында көрсетілген үш мәнді код), құпия сөздерді және ақша қаражатының қалдығын айтуға болмайды. Егер сіздің картаңыз немесе шотыңыз бойынша, расында да, күмәнді операциялар жүргізілсе, картаңыз бірден бұғатталады, ол туралы мобильдік қосымшада немесе SMS арқылы хабарланады.

Мұндайда банк бөлімшесіне барып, мән-жайды анықтай аласыз. Хабарласып тұрған адамның не айтқанына қарамастан, үрейге бой алдырмағаныңыз абзал. Салқынқандылық танытып, тұтқаны қою керек. Кез келген сұрақтар бойынша банктің ресми сайтындағы байланыс нөмірлеріне хабарласқан жөн.

Егер жеке бас мәліметтеріңіз қандай да бір жолмен алаяқтардың қолына түссе, олар салық органынан және прокуратурадан жалған хат жазып, оны сіздің электрондық поштаңызға немесе мессенджерлер арқылы жіберуі мүмкін. Содан кейін алаяқ сізге хабарласып, қорқытып, бопсалап, жақсылықпен келісімге келуді сұрайды. Электрондық әмиянға белгілі бір соманы жіберсеңіз, іс одан әрі насырға шаппайды деуі мүмкін. Мұндайда мәселені пара берумен шешуге болмайды, біріншіден, қылмыс, екіншіден екі оттың ортасында қаласыз. Себебі шынымен айыппұлыңыз болса, алаяқтарға жіберген аударым сізді одан босата алмайды. Тағы қылмыскер ойындағысын іске асырған соң, ақшамен бірге ізін суытады. Ал берешек сол күйінде қалады. Осындай бассыздықтар басыңыздан өтсе, бірден ҚР ІІМ жедел желі телефонына және өзіңіздің аудандық полиция бөлімшесіне қоңырау шалуыңыз керек.

Елордадағы №3 көпбейінді қалалық аурухананың аға медбикесі Әлия Тәжібаева карантиндік стационардағы жұмысы туралы айтып берді. Ол індетпен күрес жұмыстарына 2020 жылдың наурыз айынан бастап тартылды. Медбике уақытша тұрған «Рамада Плаза» қонақүйі провизорға айналдырылыпты. Әлия Шерниязқызы сол жерде шілде айына дейін жұмыс істеген.

ҚОЛДАН КЕЛГЕНДІ ЖАСАДЫҚ

«Жазда науқастар өте көп болды. Түрлі жастағы пациенттер келді. Олардың арасында жағдайы тым мүшкілі де кездесті. Жақындарына хабарласып, өмірмен қоштасып жатқандарына да талай рет куә болдым. Көп нәрсе біздің жұмысымызға байланысты еді. Яғни емдеу тәсілі мен дәрігердің белгілеген ем-домы ғана емес, эмоциялық тұрғыдан да науқастарға дем беруіміз керек болды. Әр пациенттің көңіл күйін көтеріп қана қоймай, күш-жігер беріп, болашағына сеніммен қарауы үшін қолымыздан келгеннің бәрін жасадық. Мұндай жағдайда олардың көңілі көтеріңкі болмасы анық. Дегенмен дәрігерлердің де робот емес, адам екенін ұмытпаған жөн. Біздің де отбасымыз, мойнымызға жүктелетін жеке шаруаларымыз бар. Бірақ біз бәрін тастап, күндіз-түні науқастардың жанында болдық. Ауа өткізбейтін, ыңғайсыз қорғаныс киімдерімен тәулік бойы жүру өте қиын еді. Соның бәріне шыдадық» дейді аға медбике.

Бұл салада Әлия Тәжібаеваның еңбек етіп жүргеніне 23 жыл болды. Ол 2008 жылдан бастап №3 көпбейінді қалалық ауруханада қызмет етіп келеді.

БАЛАЛАР КАРДИОЛОГЫ ТАПШЫ

Елімізде нәресте өліміне әкелетін себептердің ішінде туа біткен даму кемістіктеріне байланысты көз жұму – екінші орында. Олардың арасында жүрек-қантамыр жүйесінің кемістіктері басым. Үкімет осы мәселені шешу үшін балалар кардиологтарының тапшылығын жоюды көздеп отыр.

Премьер-министр Асқар Маминнің айтуынша, елімізде 23 балалар кардиологы, 7 балалар кардиохирургы және 108 балалар анестезиолог-реаниматологы тапшы. Осы салаларды білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін жыл сайын резидентурада клиникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінеді. Қазіргі таңда медицина кадрларын ынталандыру жолымен саланы білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр.

«Бұл мәселе Үкімет отырысында қаралып, әкімдіктерге медицина қызметкерлерін материалдық ынталандыру жөнінен шаралар қабылдау туралы тапсырмалар берілді. Балаларға кардиохирургиялық көмекті күшейту үшін өкпе гипертензиясы бағдарламасын жүргізу және «Жүрегінің жалғыз қарыншасы бар пациенттерге арналған бағдарлама» мультипәндік командасын құру жоспарланып отыр» деді Асқар Мамин.

№30 (4154) 16/03/2021 Сейсенбі

zhadira79@mail.ru
Жадыра ШАМҰРАТОВА

ҚАРЫЗЫ КӨП ЖҰРТТЫҢ ҚАБАҒЫ ҚАТУ

Осы мақаланы жазарда банктен несие алған адам іздеп әуре болғаным жоқ, құрбым да, танысым да, туысым да... бәрі банкке қарыздар болып шықты. Олардың жастары – 25-50 шамасында, көпшілігі қосымша жұмыс істейді. Шетелде демалып көрмеген. Ерте тұрып жұмысқа барады, үйіне шаршап кеш оралады, банк алдындағы қарызын ойлағандықтан еңбек демалысында да құр жата алмайды, өмірі жұмыс пен үйдің арасында өтіп жатыр. Олардың бірі қиналғанда қол ұшын берген банкке ризашылығын білдірсе, бірі «теспей сорып жатыр» деп өкпелейді.

Бір құрбым банктің адал клиенті. Он жылға жуықтаған шығар, әйтеуір бір кездескенде «қарызымды жаптым» дейді, бір кездескенде қайтадан қарыз алғанын айтады. Өзі отбасында жалғыз жұмыс істейді, пәтер жалдайды. Жуырда анасы ауырып қалып, соңғы төлемді кешіктірген екен, банк екі апта өтпей картасын «тұтқындап» тастапты. Осы мәселе бойынша банкке телефон шалғанымызда: «Банк төлем кешіктірілген бірінші күннен бастап шоттарға тыйым салуға құқылы. Сондай-ақ біз несиені есептеу кезінде бүкіл кезең үшін артық төлемді көрсетеміз» деген жауап алдық. Құрбым қарыз алып жатқанда келісімшартты оқымағанын айтады.

ҚАРЫЗ ӨСІП БАРАДЫ УАЙЫМДАТЫП...

Өткен жылдың қаңтарында туысым 19 жылға ипотекалық несие алды. Бір жыл бойы қиындықсыз төледі, бірақ вирустың кесірінен пайда әкеліп отырған бизнесі жабылып қалды. Қазіргі уақытта уақытша Ресейде тұрып жатыр. Жұмыссыз, баламен отыр. Ол мәселе туындамай тұрып, пайыз өспеуі үшін қарызын аз-аздан төлеу туралы банкпен келіссөз жүргізуге тырысқанын айтады. Банк мұндай ұсыныстан бас тартқан. Сонымен бірге банктен мұның әкесіне, анасына хабарласып, мазасын алып біткен. Ол бәрінен бұрын қарызды кешіктіргені үшін дөрекілікке баратын сондағы қызметкерлерге өкпелі.

Бұрынғы әріптесімнің әңгімесі: «Өткен жылы күйеуімнің несие картасы бойынша банкке 230000 теңге қарыздар едік. Жұмысы жүрмей қалып, уақытында төлей алмадық, әуелі қарызды төлемеген айға 30 мың теңге қарыз қосылды. Сонымен 260 мың теңге болды. Енді осы қарызды жабу үшін ақша іздеп жүргенде, банк біздің лимитімізді 140 мың теңгеге көбейтті. Несиелік лимит – бұл жұмсауға болатын қолжетімді сома, бірақ біз бұл туралы білмедік те. Банк осы өскен лимитті қарыз сияқты алады да, лимитті көбейтіп қана қоймай, онымен бірге келесі жылдың қаңтар айында қарыз 260000 теңгеден 412000-ға дейін өсіп кеткен. Сөйтіп қарызымыз пайызбен бірге 487000 қарыз сомасы болды деп басы қатып отыр.

Осы мысалдардан қаржылық сауатсыздық көрінеді. Заңгердің айтуынша, банк клиенті қарыз кешіктірілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде банкке пайыздық мөлшерлемені төмендету, несие валютасын өзгерту туралы өтінішпен жүгіне алады, сондай-ақ төлем әдісін өзгерту туралы, келісімшарттың мерзімін өзгерту туралы, сондай-ақ мерзімі өткен несие үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың күшін жою туралы төлемді кейінге қалдыруға құқылы. Банк өз кезегінде күнтізбелік 15 күн ішінде клиентке жазбаша жауап беріп, келісімі немесе бас тартуы туралы клиентке хабарлауы немесе жауап беру туралы ұсыныспен келуі керек. Біз мұны біле бермейміз.

ДЕПУТАТТАР МЕН ЭКОНОМИСТЕРДІҢ ПІКІРІ ЕКІ ТҮРЛІ

Пандемиядан бұрын да қарапайым халықтың ақшасы жетпейтін. Соңғы кездері азықтүлік алуға барғанда 10-15 мың теңгеге алғаныңа кішкентай себет те толмайтын болды. Бәрі қымбат. Мәліметке қарағанда, біздің елдің адамдары басқасын айтпағанда коммуналдық қызметтер үшін 17 миллиард теңге қарыздар көрінеді. Банктердің алдындағы қарызы да Толағай секілді күннен күнге өсіп келеді. Ашық ақпарат көздеріне сүйенсек, тұтынушылық несиеге қарыз мөлшері – 400 миллиард теңге.

Өткен жылы Мәжіліс депутаты Айқын Қоңыров карантиндік режимнің салдарынан 4 миллионнан астам қазақстандық жұмыссыз қалғанын айтып, борышкерлердің қарызын кешіруді талап етті.

«Халықаралық зерттеулер бойынша Қазақстанның әрбір сегізінші азаматы кедейлік шегінде өмір сүреді деген Мәжіліс депутаты Азат Перуашев несиенің пайыздық мөлшерлемесі негізсіз жоғары дей келіп, азаматтардың қарызын кешірмесе де банктік процестің өзін жеңілдетуді сұрады. «Шұғыл түрде барлық ипотекалық және тұтынушылық несиелер мен ШОБ несиелерінің шекті пайыздық мөлшерлемелерін 7-8% дейін ақылға қонымды деңгейге дейін төмендету бойынша шаралар қабылдау қажет, бұл азаматтарды кедейлік пен қиындықтан құтқарады» деді ол. Бірақ экономистер бірауыздан мұндай шешімдерді ойланбай қабылдау мүмкін еместігін, несие бойынша пайыздарды төмендету үшін алдымен базалық мөлшерлемені төмендету керек, ал бұл ұлттық валютаның құнсыздануына әкелетінін алға тартады.

Қолданбалы экономиканы зерттеу орталығының бөлім бастығы Диас Құмарбеков ондай жағдайда теңгеге сұраныстың төмендеп, оның шетел валюталарына қатысты мәні төмендейтінін, доллар көтеріліп, инфляция өсетінін, сайып келгенде, адамдар депозиттердегі ақшаларын алатындығына байланысты екінші деңгейлі банктерде жеке және заңды тұлғаларға арзан деп аталатын несие беруге қаражат болмайтынын айтады.

> Ипотекадан шошитын не бар, шетелдерде бәрі баспанасын ипотекаға алады деп жұбатамыз өзімізді. Бірақ, ол жақ пен біздің елдің пайызының арасындағы айырмашылық туралы ойлап жатпаймыз.

Экономист Арман Бейсембаев та дәл қазір пайыздық мөлшерлемені төмендету жақсылыққа апармайтынына сенімді. «Қарыз алушылардың қарызын кешіру арқылы мемлекет басқа да маңызды мәселелерді шешілмеген күйінде қалдырады, өйткені ақшаны адал салық төлеушілер әкелетін бюджеттен алуға тура келеді. Бұл – қазірдің өзінде әлеуметтік әділетсіздік» дейді ол. EXANTE халықаралық инвестициялық компаниясының Қазақстандағы сарапшысы Андрей Чеботарев: «Кейбір депутаттар несие ставкаларын 7-8 пайызға дейін күшпен төмендетуді ұсынады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, мұндай әрекет қаржы жүйесін өлтірумен тең. Несие мөлшерлемесін 7-8 пайызға дейін төмендету үшін базалық мөлшерлемені кем дегенде 3-4 пайызға дейін төмендету қажет. Бірақ бұл тіпті несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қалаған 7-8%-ға дейін төмендетуге көмектеспеуі мүмкін, бірақ содан кейін бізде коммерциялық банктер болмайды - олар банкрот болады немесе оларды мемлекет меншігіне алады. Базалық ставканың төмендеуімен депозиттер бойынша ставка да төмендейді. Бұл инфляцияны тежеуге мүмкіндік береді. Базалық мөлшерлеме 3-4% болған кезде депозиттік мөлшерлемелер бұдан былай инфляцияны өтемейтін болады. Екінші деңгейлі банктерді қаржыландыру көзі ретінде депозиттердің рөлі 78,3% құрайды. Төмен ставкаларға байланысты бұл қаражаттың шетел валютасына кетуі басталған кезде, біз бақыланбайтын инфляциямен қатар банк жүйесінің күйреуіне апаратын бақылаусыз девальвацияға ұшыраймыз» дейді.

Былтыр аз қамтылған азаматтардың қарыз жүктемесін азайту үшін жүз елу миллиардтан астам теңге жұмсалды. Бірақ бұл нәтижесін берді ме деген сұрақтың басы ашық тұр. Экономистердің пікірі бұл халықтың жауапкершілігін төмендетеді, екінші жағынан, екінші деңгейлі банктер де несие портфелін қадағаламайды дегенге саяды.

ГРУЗИЯМЕН ИЫҚ ТЕҢЕСТІРЕ АЛМАЙМЫЗ

Біз әдетте дамыған елдердің несиелік пайызының төмендігі туралы айтқымыз келіп тұрады, өйткені 3-4 пайызбен несие береді екен деген біз үшін ертегі сияқты. Мысалы, Германияда – 4,8, Қытайда – 4 пайыз.

Оларды былай қойғанда біз өзімізді посткеңестік елдердің ішіндегі Грузиямен де салыстыра алмаймыз. Грузияда несие пайызы төмен. Халықтың жағдайы анағұрлым тәуір. Біздің де сондай жағдайға жеткіміз келеді. Бірақ, DAMU Capital Management бас директоры Мұрат Қастаев Грузиядағы несие ставкаларын қазақстандық ставкалармен салыстырудың дұрыс еместігін айтады. Екі елдің макроэкономикалық жағдайы екітүрлі көрінеді: Грузияда базалық ставка – 6,5%, Қазақстанда – 9%, инфляция биыл Грузияда – 2,5%, бізде – 5%, Грузияда ЖІӨ өсу қарқыны шамамен – 5%, бізде – 3,2%. «Көріп отырғаныңыздай, осы параметрлерге сәйкес Грузияда жағдай жақсырақ, экономиканың өсу қарқыны жоғары, инфляция төмен, сондықтан төмен ставкалармен несие беру мүмкіндігі бар, осыдан келіп Грузиядағы несиелік мөлшерлеме бізден жылына 4-6%-ға төмен болады» деп түсіндіреді ол.

КІМ КӨРІНГЕН БАНКТЕН ҚАРЫЗ АЛМАСЫН

Қарыз алушы несиені төлей ала ма, жоқ па, оны банк шешеді. Дегенмен осы жерде қарыз алуға ниет білдірген адаммен арнайы сөйлесетін, оның төлеу мүмкіндігін бағалайтын қосымша сарапшылар тартылса дұрыс болар еді дейді бір ойымыз. Өйткені көп адам қарыз алатын кезде қиналмай тез алады да, көп өтпей жылап жүреді. Ал банк кешіріммен қарайтын көкең емес, қарыз алушы өзінің борыштық міндеттемелерін орындамаған кезде, несие берушілер көбіне коллекторлық агенттіктерге немесе тікелей сотқа жүгінеді. Содан кейін іс сот орындаушысына түседі, ол қажет болған жағдайда қарыз алушының барлық банктік шоттарын, баспанасын алып қоюы мүмкін. Несиені төлеуден жалтарғаны үшін әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапкершілік те қарастырылады.

Халық қарызды еріккеннен алмайды, мұқтаждықтан алады. Дегенмен, бүгінгідей экономикалық тұрақсыздық жағдайында шамасы жетпейтін іске ұрынып жүрмеуі үшін жаңағыдай қосымша сарапшылар да артық болмас еді. Мақала жазу барысында танитын жастармен де сөйлесіп көрдік, олар да банктен қарыз алуға қорықпайды. Олардың арасында несиеге туристік жолдама, қымбат айфоннан бастап көлік пен баспана алғандар да жетерлік. Бір жағынан жастардың өз бетінше тірлік қылып, қажетін өзі алып жатқанына риза боласың, бір жағынан... Қарызым бар деп аландамай, білім алып, өзі сүйетін жұмысын істеп, ел көріп, жер көріп жүретін жақсы уақыттарында митыңдап банкке қарыз, ипотекалық несие төлеп жүргендеріне ішің ашиды. Бір басында бірнеше несиесі бар жастар бас құрауға ынталы емес, қарыз төлеп жүргенде отбасымды қалай асыраймын деген қорқыныштарын «әлі ерте ғой, қайда асығамыз, әлі жаспыз» деген сөздермен жасырады. Осыдан келіп отыздан асса да бас құрамау қалыпты жағдайға айналды.

Ипотекадан шошитын не бар, шетелдерде бәрі баспанасын ипотекаға алады деп жұбатамыз өзімізді. Бірақ, ол жақ пен біздің елдің пайызының арасындағы айырмашылық туралы ойлап жатпаймыз. Мысалы, Финляндиядағы ипотекалық несиелер өздерінің азаматтары үшін 2-2,5 пайыз, шетелдіктерге де қолжетімді, бірақ сәл жоғары – жылдық мөлшері 3-3,5%. Жапонияда инфляция өте аз, ипотеканың орташа ставкасы 1,2% құрайды. Швейцарияда «өмірлік ипотека» термині кең қолданылады. Мұндай несие 100 жылға дейінгі мерзімге беріледі және заңды түрде ол мұрагерлік болып табылады. Үйді несиеге сатып алудың орташа ставкасы жылына 1,4-1,6% құрайды.

Біздің халқы аз мемлекетіміз күннен күнге шарықтаған баспана бағасын реттеуге әлде құлықсыз, әлде қабілетсіз. Баспана жыл сайын емес, ай сайын қымбаттап жатыр. Айталық, соңғы кезде неше түрлі бағдарлама шығып жатқанымен оған бәрінің қолы жете бермейді, халыққа ең жақын дейтін «Отбасыбанкінен» 20 млн теңгеге баспана алсаңыз, оның 10 млн теңгесін өзіңіз бересіз, бірақ банк сіз берген және өзі берген ақшаны қосып, 20 млн теңгеге пайыз ойнатады. Осы қымбатқа сатып алған пәтеріңізді 15-20 жылдан кейін сатсаңыз (банктен құтылғасын) қандай бағаға сатасыз, бүгінде тұрғын үй құрылысының сапасы сын көтермейді, 20 жылдан соң баспанаңыз тозып, тіпті құлап қалмай ма, ол енді басқа сұрақ.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Мәні соншама қиын емес. Оны дабырайтып, миға кірмейтін нәрсе сияқты көрсетпей халыққа қарапайым түсіндіру керек.

Қаржыгерлер тағы да мынадай кеңес береді:

1. Өте қажет болмаса тұтынушылық несие алмаңыз.

2. Қаржылық қызметті таңдағанда мұқият зерттеп, өзіңізге қолайлысын таңдаңыз.

3. Қор жасаңыз. Ақшаны сақтау, кірістер мен шығыстарды есепке алу, үнемдеу қорлануға көмектеседі.

4. Күмәнді ұйымдарға сенбеңіз. Қаржылық алаяқтар мен қаржылық пирамидалар желілеріне түсіп қалуыңыз мүмкін.

5. Инвестициялауды үйреніңіз. Ақшаны үнемдеуден бөлек оны көбейту керек. Қаржылық тұрғыдан тәуелсіз болу үшін сіз инвестициялау өнерін үйренуіңіз керек. Ақша сіз үшін жұмыс істесін.

УАҚЫТША НӘПАҚА ТАЛҒАЖУ БОЛА МА?

Елорданың оң жағалауындағы ірі базар. Базар маңын торыған ер-азаматтар. Ығы-жығы адамнан бір арылмайтын бұл ортадан дорба асынған жігіттерді көптеп кездестіресіз. Орда бұзып, қамал алатын шақта қаңғып жүргені не деуіңіз мүмкін, алайда сары аязда сабылып жүруінде себеп бар. Күнкөріс қамымен күндік жұмыс іздегеннің бәрі осында топтасады. Ел аузында бұл жер «пятак» деп аталады. Тірлік күзеткеннің алды қырық-елуді жағаласа, олардың соңын іле жастар кәмелеттен енді асқан. Дені – қазақтар. Бір қарағанда білегі білеудей, бір кәсіпті игерер зіңгіттей жігіттер екені рас. Тек осындай азаматтарды дедектетіп мұнда әкелген не «сиқыр»? Көңілді күпті қылған сауалға жауапты өздерінен білмекке бекіндік.

Полиция қызметкері деп қалды ма екен, әуелгіде топтың ішіне жуытпай, бірі басын ала қашты, бірі жауап беруден бас тартты. Күні бойы жүріп бір-екі азаматпен ғана тілдесудің реті түсті.

Дастан, Павлодар өңірінен:

– Күндік жұмыс істейміз. Таңертең 9-дан кешкі 6-7-ге дейін жүреміз. 5-6 мың теңге аламыз. Кейде одан да көп боп жатады. Жұмыс маусымына қарай. Жаз-да клиент көп, жұмыс та көп. Қыста сирейді. Артықшылығы сол, еңбекақыңды кешке қолыңа береді. Айлық күтіп жүрмейсің, тұрақты кесте жоқ. Қалаған күні шығасың, шаршасаң, демаласың.

«Клиент» дегені – жұмыс ұсынушы. Қара жұмысшыларды жалдап алып, азды-көпті ақысын төлейтін азаматтар бұлар. Тапсырылған тірліктің қай түрін болсын қымсынбай істей беретін ағалар тұрақты жұмысқа тұруға құлықсыздай көрінді.

Шәріп, Түркістан облысынан:

– Тас төсейміз, құм түсіреміз, қап арқалаймыз, тауар артамыз, қара жұмыстың бәрін жасаймыз. Кешке жұмыс ақыңды пұлдай алып үйге кетеміз. Құрылыста істедім, жеке үйде де жүрдім. Тұрақты жұмысқа ауыспаймын. Не істеймін онда айлық күтіп?(күліп). Тұрақты жұмысқа оқыған, дипломы барды алады. Бізді қайтсін? Оқитын жастан өтіп кеттік қой. Бала-шаға бар, бағу керек.

Уәжі орынды-ақ. Алайда қолының ебі бар азаматқа көше кезбей-ақ, құрылыста да қарақұрым пайда бар. Ал ағамыз жұмыспен қамтитын мемлекеттік бағдарламалардан мүлде бейхабар болып шықты. Енді бір жігіт ағасына осы бағдарлама жайлы сұрау салдық. Жауабы абдыратты:

Досан, Қарағанды өңірінен:

– Тұрақты жұмысымнан шығып қалған соң, мемлекеттік мекемелерге жүгініп көрдім. Шыныымды айтсам, маған ұсынған жұмысы ұнаған жоқ. 80 мың теңге жалақысы бар жұмысқа барасың ба? Қазір мұнда күні-түні шығып, 150 мыңдай табамын. Жаңұямның тамағын асырауға жетіп тұр әйтеуір.

Жұмыспен қамту бағдарламалары жайлы беттеген адамнан сұрауға талпындық. Көбі «бұл қалада тіркеуде емеспін» деп қысқа қайырды. Өкініштісі, дерлігі аталған бағдарламаның бар екенінен хабарсыз. Бас шайқап, ондайға сенбейтінін айтқандарды да көрдік.

Бәрінен қызықты жауапты елордада оқитын студент жігіттен естідік. Шын есімін жасыруды сұрап, өзін Бекмұрат деп таныстырды. Колледждің 2-курсында, ақылы бөлімде оқитын көрінеді.

Бекмұрат, Қызылорда облысынан:

– Сабақтан тыс уақытта осында келіп қосымша жұмыс істеп тұрам. Студент болғандықтан, тұрақты жұмысқа тұру қиындау. Мұнда жұмыс қашан да бар. Қолма-қол береді ақшасын. Тіпті, ата-анама салмақ салмай оқуымның ақшасын да өзім төлеп жүрмін. Ақшам біткенде осында бір-екі күн шығып, тиын жасап аламын.

Бейнеті көп бейресми жұмыстың бейнесі – осы. Бірі мұнда нәпақа тауып, күнін жалғауда, бірі отбасына салмақ артпаудың жолын іздеп жүр. Қай қырынан қарасаң да, қара жұмысшылардың еңбегі адал. Бірақ, біз маңдай терінің ақысын алып жүргендерді ғана көрдік. Адал еңбегінің ақшасы төленбей, қулықтың құрбаны болғандар баршылық екенін де құлағымыз шалды.

Естіген-көргендеріміздің түйін жасап, жолшыбай жұмыстың қатерін сараптап көрдік. Әуелгі мәселе – еңбек құқығы аяусыз аяққа тапталуда. Жұмысшылар өздерінің нақты қанша сағат еңбек ететіндерін білмейді. Ал жасап жүрген жұмысына тиісті ақы төлене ме, ол белгісіз. Әлгіндей алаяққа жолыққан аптал азаматтың есіл кеткен еңбегін аяйсың. Еңбек шарты түзілмеген шақта заң алдында өз ақысын талап етуі де екіталай. Яғни, мұнда адамның жеке бостандығы мен еңбек құқығы қорғаусыз жатыр.

Кейде екінің бірінде бар кәсіп қазаққа неге жетпейді деп ойланасың. Аспаннан киіз жауса да, кедейге ұлтарақ тимейдінің кері ме екен. Әйтпесе, біздің ел орақ таңдаған олақ, жарақ таңдаған жалқау емес еді. Тапқан байлық төккен термен өлшенер болса, біздің азаматтардың тоқтысы егіз туар күн туды ғой деген ой мазалайды.

Мейіржан ЖИЕНБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН





МҮСІН ӨНЕРІНДЕ НЕГЕ ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАМЫЗ ЖОҚ?

Қыс қызығы бітсін бе? Сырғанақ пен конькидің түбін түсірген балалардың тағы бір алданышы – мұздан жасалған ертегі кейіпкерлерінің мүсіні. Қала көшелерінде жыл сайын қайталанатын шығыстың мың бір түні, Диснейдің Алисасы мен ойдан шығарылған шетелдік ертегі кейіпкерлерінен көз сүрінеді. Мүсін өнерінің қазақ даласына келгеніне сан мыңдаған жыл болса да, осындайда төрімізге оздыратын бір ұлттық кейіпкеріміздің жоқтығы қынжылтады. Қаншама миллионға алып тиін орнатуды білгенде, ұлы тұлғаларымыздың бейнесін олпы-солпы жасап жүргеніміз тағы ұят.

Жақында желіде елордалықтардың айдаһармен түскен суреттері қаптап кетті. Сөйтсек, қаламызда декорациясы әйгілі «тақтар ойыны» сериалына негізделіп соғылған қысқы қалашық бой көтеріпті. Тас қамалдың кіреберісін биіктігі 6 метр аузынан от шашуға дайындалып тұрған қанатты айдаһар қорғап тұр. Оның артынан сауыт киген жауынгерлерді байқауға болады. Жалпы елордада осындай 13 мұз қалашық салынған. Жыл сайын әр қалада мұздан мүсін орнатып, қалашық салуға 80-120 миллион арасында қаржы жұмсалады. Сол қалашық күн жылынса еріп, көзден ғайып болады. Ал триатлон паркіндегі тас қамалдың жөні бөлек. Қыста қатып қалмайды, жазда еріп кетпейді. Жыл он екі ай көпшіліктің көңіл сергітетін орнына айналмақ.

МҰЗ ҚАЛАШЫҚ – ТУРИЗМГЕ ЖОЛ

Әлемде жыл сайын мұздан мүсін оюдан фестиваль өткізіп, ең үлкен мұз қалашық салып қысқы туризмін дамытып жатқан елдер бар. Бір жылдары елордада Қазақстан, Қытай және Ресей мемлекеттерінен жиналған 15 команда бес күн бойы Ботаникалық бақта мұздан қалашық тұрғызған еді. Танымал Харбиндегідей 15 миллион турист жинамасақ та, бұл халықаралық байқау мүсіншілерге деген құрмет пен өнерге деген көптің ықыласын оятты. Тек бір ғана жыл өткізілген байқау, одан кейін ізім-ғайым жоқ болды. Қытайдағы Харбин қаласында 1963 жылдан бері мұз мерекесі ұйымдастырылып келеді. Биыл да пандемия жағдайына қарамастан отыз жетінші халықаралық қар мен мұз фестивалі басталды. Харбиндегі бұл шара – әлемдегі ең үлкен фестиваль. Өйткені мұнда бірнеше рет Гиннес рекорды жаңарды. Көрмеге 2000-нан астам мұз композициясы қойылған, оларды жасау үшін 110 мың текше метр мұз және 120 мыңға жуық қарбетон жұмсалған. Жыл сайын Харбиндегі мұз фестивалін көруге ағылып келетін шетелдіктердің саны биыл азайған. Себебі кей елдердегі эпидемиологиялық жағдай саяхаттауға біршама шектеулер қойып отыр. Мұздан сарай салып, туризмін түлеткендердің қатарында Аляска мен Канададағы Квебек провинциясы да бар. Мұнда да жыл сайын мұз қалашық тұрғызудан халықаралық фестивальдер өтеді. Одан бөлек, қалашыққа келген туристер дәстүрлі түрде суық суға түседі. Жыл сайын жұптар үйлену тойын қар қалашығында өткізу үшін кезекке тұрады.

БЕЙНЕСІ ЖОҚ ЕРТЕГІ

Бәріміз бала болдық. Әжеміздің ертегісін тыңдап, теледидардан көрген кейіпкерлерімізге еліктеп ержеттік. Қай заманды алып қарасақ та, баланың ертегіге деген қызығушылығы ерекше. Сондықтан да шығар, әлемде ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері жетерлік. Айталық, Копенгагенде су перісінің қола мүсіні орнатылған. Ғасырға жуық тарихы бар ертегі кейіпкерінің мүсінін Эдвард Эриксен жасаған. Су перісін тамашалау үшін балалар түгіл мыңдаған турист пен қала қонақтары жағалауға барып, ертегіні еске түсіреді. Бүгінде бұл мүсін Дания елінің ұлттық нышанына айналған. Елеусіз ғана ескерткіш арқылы есте жоқ ескі ертегі кейіпкерлерінің мәңгілік бейнесін қалыптастыруға болады. Осы уақытқа дейін халық ертегілеріміздегі кейіпкерлердің образының қалыптаспауы, балаларымыздың қиялының өзгеге ауысына алып келді. Дәл осындай жағдай жүз жыл бұрын Ресейде орын алғанда, көршілер атақты суретшілері Виктор Васнецовтың қылқаламымен орыс халқының ертегі кейіпкерлерінің нақты бейнесін қағазға түсірген еді. Кейін сол кейіпкерлердің бейнесі арқылы ұлттық киім үлгісі мен ою-өрнегі халыққа кеңінен танылды. Филология ғылымдарының кандидаты Бижомарт Қапалбек осы мәселені көтеріп, қазақ ертегі кейіпкерлерін біріздендіру керектігін айтып жүр. Тіпті арнайы кітап та жазды. Бірақ нәтиже жоқ. «Балаларымыз қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танымайды. Атын білетін шығар, оқыған шығар, бірақ түстеп атай алмайды. Ал шетелдік кейіпкерлерді жазбай таниды, себебі оның бейнесін күнде мультфильмнен, боямақ кітаптардан, комикстерден, ойыншықтардан, оқулықтарынан, көшедегі көрнекі жарнамалардан, ішетін сусыны мен жейтін тамағының орамасынан көзімен көріп отыр. Біздің ата-бабамыз бізге мол мұра тастап кетті. Оны біз жүз том «Бабалар сөзі» деп кітап етіп шығарып, сөрелерге жинап қойдық. Сол кейіпкерлер бейнесін қазіргі бала қолданатын құралдардың ішіне салуымыз керек. Ол үшін ондағы кейіпкерлердің мәтіндегі сипатына сәйкес бейнелерін біріздендіріп алуымыз тиіс. Нақты портреті бар ұлттық кейіпкеріміз қай жерде қолданылса да бір типтік бейнеден ауытқымаса. Ең алдымен суретшілерге ұлттық кейіпкерлердің мәтіндегі сипатын беріп, суретін салдыру керек. Содан кейін барып мамандандырылған кәсіби қазылар біреуін таңдаса. Соны бекітіп, балаларға өнім шығаратын барлық мекеме сол бекітілген нұсқаны қолданса. Сонда бала ұлтымыздың фольклорлық кейіпкерлерін қайдан көрсе де жазбай танитын болады. Біз осы жұмыстар аясында қазақтың мифтік кейіпкерлерін біріздендіріп, кітап етіп шығарып қойдық. Енді оқулық шығаратын баспалар, мультфильм жасайтын студиялар, ойыншық шығаратын фабрикалар, компьютерлік ойындар жасайтын бағдарламашылар және т.б. осы образдардан ауытқымауы керек. Өздері аспаннан ештеңе ойлап таппаса екен. Сонда бұл бағыттағы жұмысымыз жүйеге түсер еді» деді ол.

Ғалымның айтуынша халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің ғылыми негізі мықты. Сондықтан оларды өзіміз танып, насихаттай бастасақ, әлемдік нарыққа да шығып кетуімізге болады. «Өзімізде мол рухани байлық бола тұра, өзгенің қаңсығын насихаттау ұрпаққа қиянат жасаумен бірдей. Түгіміз жоқ халық болсақ екен, өзгеден көшіретін.

Әжелер мен аталар немерелерін жетектеп келіп, мынау Алпамыстың Байшұбары, мынау Ақанның Құлагері, ал мынау Қобыландының Тайбурылы деп таныстырып жүрсе керемет болар еді-ау» деді Бижомарт Қапалбек.

Бала түгіл үлкендердің өзі қай оқулықта Ертөстік екенін, қай оқулықта Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ, Көлтауысар екенін білмей дал болуда. Бар дүниемізді насихаттай алмай жүргенімізге енді кімді кінәлаймыз? Ресейде Винни Пух пен «Ну, погодидегі» қасқыр мен қоянға да мүсін қойылған. Бізде ше мүсінді жасайтын ертегі кейіпкерінің бейнесі де бірізге салынбаған.

Психолог Ержан Мырзабаевтың айтуынша бала психологиясына кейбір кейіпкердің болмысы мен құндылықтары кері әсер етуі мүмкін. «Бала сол кейіпкер не жейді, не айтады, немен айналысады соның барлығын қабылдап, өз бойына сіңіреді. Шетелдік мультфильм кейіпкерлерінің құндылықтары біздің менталитетімізге келмейді. Неге біздің балалар халық ертегі кейіпкерлеріне қызықпайды? Себебі ұлттық ертегіміз көп насихатталмайды, еш жерде мен мұндалап тұрмайды. Американдық Диснейде бір мультфильм шықса соған сай ойыншық та, кәмпит те, костюмде, жарыс та шығады. Бір мульткейіпкердің айналасында толыққанды экосистема пайда болады. Өкінішке қарай, қазақ мультфильм индустриясында кейіпкерлер тек ертегіде қалып қояды. Күнделікті өмірде ол кездеспейді» деді психолог.

> «Балаларымыз қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танымайды. Атын білетін шығар, оқыған шығар, бірақ түстеп атай алмайды. Ал шетелдік кейіпкерлерді жазбай таниды, себебі оның бейнесін күнде мультфильмнен, боямақ кітаптардан, комикстерден, ойыншықтардан, оқулықтарынан, көшедегі көрнекі жарнамалардан, ішетін сусыны мен жейтін тамағының орамасынан көзімен көріп отыр

P.S: ***Көшеде келе жатып, қазақ ертегі кейіпкерлерінің бәрін жинап бір мұз қалашық салар ма еді деп ойладым. Әй, қайдам, сол Алдар көсенің мүсінін орнатқан күннің өзінде астына үлкен шрифтпен атын жазып қоймаса, оны алыстан ешкім танымас. Себебі кітаптар мен мультфильмдерде бір ғана Алдар көсенің жетпіс түрлі бейнесі кездеседі.***

КРЕМЛЬ ШЕШІМІН ТОҚТАТҚАН ШЕРУ

ҚАЛАМГЕР ЕҢБЕГІ НЕМІС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

Таяуда белгілі публицист, деректанушы, ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагері Амантай Кәкеннің «Шырғалаң немесе тағы да неміс автономиясы туралы» еңбегі неміс тіліне аударылып, кітап болып шықты. Бұған дейін бұл тақырыпта қаламгердің үш кітабы жарық көрді. «Познание себя» («Өзін-өзі тану») деп аталатын оның алғашқысын автор Мұқаш Омаровпен бірігіп жазды. Осы кітап Ресейде, Германияда Ақмоладан көшіп барған немістер арасында тез тарап кетті. Сондықтан орыс тілінде «Кремлевский колоброд или как немцам создавали автономию» атты екінші кітап жазылды. Қазақ тіліндегі жоғарыда келтірілген кітаптың шыққанының өзіне биыл он жыл болды.

amangali.kalzhan@mail.ru

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Целиноград қаласын төрт күн дүрліктіріп, Ленин атындағы орталық алаңда, облыстық партия комитеті ғимаратының алдында 1979 жылдың 16-19 маусым күндері өткен, мыңдаған адам қатысқан наразылық шеруі империялық пиғылдағы жоғары басшылықты – Кеңес Одағы Компартиясы Орталық комитетін қалай састырса, алаш азаматтарының, әсіресе жастардың ұлттық сезімін күшейтіп, олардың еліне, жеріне деген ыстық махаббатын қоздыра түсті. Мұны Кеңес билігі күшейіп тұрған замандағы теңдесі жоқ ерлік деп айтпасқа болмайды» дейді кітаптың авторы Амантай Кәкен.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжановтың пікірінше, бұл кітап ғылыми өрелілігі, деректік негізі, қисынды пайымдар мен тиянақтылығы жөнінен осы тақырыпта жазылған еңбектердің алдында тұр.

«Қазақ жерінде неміс автономиясын құру идеясын Кремль қиялшылдары дүниеге әкелді. Осынау сорақы шешімімен-ақ олар өздерінің ұлыдержавалық пиғылына қоса, нақты өмір талабынан қаншалықты алыс тұрғанын жария етті. Партия-кеңес органдары емес, екі халықтың – қазақтар мен немістердің сабырлы мінезі, бір-біріне риясыз құрметі, небір қиын-қыстау сынақтардан алып шыққан зерек ақыл-ойы ұлтаралық қатынастарды ушықтырмады» деп жазады тарихшы осы кітаптың алғысөзінде.

Кітапта сол оқиға куәгерлерінің, оған тікелей қатысы бар сол заман атқамінерлерінің естеліктері де берілген. Мәселен, автономия басшысы болады деген, кейіннен Целиноград облысын басқарған Андрей Браун: «Неміс автономиясын құру туралы шешім Мәскеуде, 1979 жылдың маусымында Кеңес Одағы Компартиясы Орталық комитетінің саяси бюро отырысында қабылданды. Мұны Юрий Андропов ұсынып, Леонид Брежнев, Михаил Суслов, саяси бюроның басқа да мүшелері қолдады. Содан соң Қазақстанда ұйымдастыру комитеті құрылды. Оған Қазақстан компартиясы Орталық Комитінің екіншісі хатшысы Александр Коркин жетекшілік етті. Автономия орталығы болып Целиноград қаласынан жүз шақырым қашықтықтағы Ерейментау қаласы болып белгіленді. Автономияға Целиноград облысының Ерейментау, Сілеті аудандарының, Көкшетау облысының Уәлиханов, Қарағанды облысының Молодежный аудандарының жерлерін қосу жоспарланды. Бұл науқан астыртын жүргізілді. Бірақ бұл аумақтың қазақ халқы үшін үлкен тарихи маңызы бары ескерілмеді. Дәл осы аймақта жоңғарлармен соғыста қол бастаған халық батыры Бөгенбай дүниеге келді. Ерейментауға жақын жерде оның атымен аталатын кент де бар» деп жазған А.Браун «Менің өмірім» атты мемуарлық еңбегінде.

Сондай-ақ кітапқа барша қазақ Гераға атап кеткен жазушы, аудармашы Герольд Бельгердің, мемлекет және қоғам қайраткері Михаил Есеналиевтің, т.б. белгілі азаматтардың мақалалары енгізілген. Енді осы тарихи оқиға туралы немістер өздерінің туған тілінде оқи алады.

«ҚАРА ЖОРҒАМЕН» БАСТАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясы Наурыз мерекесіне орай дәстүрлі «Таңғы жаттығуын» «Қара жорға» биіне алмастырып, Амал мерекесін атап өтті. Филармонияның бас директоры, қалалық мәслихат депутаты Ерлан Дәкенов әріптестерін Амал мерекесімен құттықтап, ыстық лебізін білдірді.

– Ұлт мәдениеті мен руханиятының көрнекті өкілі, қазақ халқының біртуар ұлы Өзбекәлі Жәнібеков Наурыз мейрамының тойлануын 22 наурызға бекіткенін біріміз білсек, біріміз білмеуіміз мүмкін. Бұл кісі көршілес өзбек, иран, парсылар рәсімімен салыстыра келе, осы күнге тоқтаған екен. Содан бері Наурызды осы күні атап өтіп келеміз. Жыл өткен сайын Наурыз мейрамының маңызы артып келеді. Бұрын еліміздің батыс өңірінде ғана аталып өтетін Амал мерекесі қазір жалпымемлекеттік болып кетті, – дейді филармония бас директорының орынбасары Олжас Сыдықбек.

№30 (4154) 16/03/2021 Сейсенбі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №28-29 (4153) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

15741	ТҰРҒАЗЫ	СЕРІК	ТАЛҒАТҰЛЫ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15742	ПАНТАЕВ	ОРАЛХАН	ПЕРДЕХАНОВИЧ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15743	АХМЕТОВА	АЛЬМИРА	УМИРЗАКОВНА	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15744	ҚАЙЫРБЕКОВ	БЕРИК	САҒАТОВИЧ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15745	ЕҢБЕКОВ	ЕРКЕБҰЛАН	СЕРІКБЕКҰЛЫ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15746	БЕКЖАНОВА	АНАРА	КУРМАНГАЗИЕВНА	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15747	АБСАДЫҚ	АЛМАТ	АРМАНҰЛЫ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15748	ОЖЕКЕНОВ	АСЫЛАН	АМАНГЕЛЬДЫЕВИЧ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15749	БАЙМЕНОВА	ГҮЛЖАМАЛ	ПЕРДЕБАЕВНА	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15750	АЛЬХАНОВА	ӘСЕЛ	ДУЛАТҚЫЗЫ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15751	НУРЖАНОВ	БАТЫРБЕК	ҚАДИРКУЛОВИЧ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15752	МУРЗАНОВА	АЙСЛУ	ЖАБАЕВНА	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15753	АБДРАМАНОВ	ҚАЙРАТ	САМУРАТОВИЧ	21.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15754	ДЖАЛДЫГАРЕЕВ	ЕРНАР	ҚАЙРЖАНОВИЧ	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15755	САРСЕКЕЕВА	ГҮЛЬЖАН	РАМАЗАНОВНА	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15756	МУДАРИСОВА	АСЕМ	МАРАТОВНА	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15757	СЕРГАЗИН	РУСТЕМ	МУРАТҚАЛИҰЛЫ	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15758	ЖУБАТЫРОВА	РАУАНА	СЕРІКБОЛОВНА	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15759	АМАНТАЕВ	СУНҒАТ	ЖУМАҒАЛИЕВИЧ	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15760	ШАНШАР	ДӘУРЕН	САЙДИЛЛАҰЛЫ	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15761	ШАКИРОВА	АЛИЯ	СЫРЛЫБАЕВНА	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15762	СЕИТОВА	АРДАК	БЕЙСЕНБАЕВНА	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15763	БАТЫРХАНОВ	БАУЫРЖАН	ЖУМАҒАЛИЕВИЧ	22.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15764	ЖАКУПОВА	САЯГҮЛ	КАБДЕНҚЫЗЫ	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15765	АНДАКОВ	МУХАМЕД	ЗАДИНОВИЧ	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15766	КОБЕЛЬДЕСОВА	АЛИЯ	АСАНОВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15767	ТЛЕУБАЕВА	КАМШАТ	ДАБЫЛОВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15768	БОЖАЕВА	ЖАДЫРА	САЙРАНОВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15769	АХМЕТЖАНОВ	СЕРИК	АЛИБЕКОВИЧ	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15770	БАКИРОВА	ДИНАРА	АБДЫМАНАПОВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15771	ТУРДАЛИЕВА	ДАНАГҮЛ	ХАМРАЕВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15772	АБАЙДИЛЬДИНА	ЖАНАР	НАҒАШИБАЕВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15773	СУПЫҒАЛИЕВА	АСЕЛЬ	ЖУМАБЕКОВНА	23.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15774	ИСРАИЛОВА	ФЕРУЗА	КАМИЛЬБАЕВНА	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15775	СМАГУЛОВА	АЙГҮЛЬ	ЖУМАГЕЛЬДИНОВНА	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15776	ОМАРОВА	БАЛЗАДА	САРСЕНБАЕВНА	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15777	БИГАРИН	АМИРКАН	ЖАПАРОВИЧ	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15778	АБИЛЬДИН	МАДИЯР	БАЙГАБЫЛОВИЧ	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15779	АЙТМУРЗАЕВА	ВЕНЕРА	ЖУМАХАНОВНА	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15780	ИГУБАЕВА	САНИЯ	САПАРБЕКОВНА	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15781	УМАРОВ	АРМАН	МАЙЛЫБАЕВИЧ	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15782	РАИМОВ	БЕРИКБОЛ	АБДИКАРИМОВИЧ	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15783	АБДИМАНАПОВ	ДАУРЕН	БЕЙБУТОВИЧ	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15784	АППАСОВ	РУСТЕМ	КАБДРАХМАНОВИЧ	25.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15785	ГАЛЫМОВ	ЖАНДАУЛЕТ	ГАЛЫМОВИЧ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15786	ЖАСЛАНОВ	ДУЛАТ	БОЛАТОВИЧ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15787	СМАГУЛОВ	МУРАТ	ТЮЛЮГЕНОВИЧ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15788	НУРПЕИСОВ	НУРЖАН	ТАЛДЫБЕКОВИЧ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15789	АСЫЛОВ	ЕРМУХАМБЕТ	СЕРІКБАЕВИЧ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15790	НАМАТУЛЛА	ДАНИЯР	ҒАБИТҰЛЫ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15791	РЫСҚҰЛБЕК	ҚАНАТ	ЖАЗЫҚБЕКҰЛЫ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15792	СЕРИКОВ	АЯН	ЗАРУБАЕВИЧ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15793	ҚАБДЫҒАЛИЕВА	САМАЛ	МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ	26.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15794	АЛИЕВА	РАУШАН	ЖУМАТАЕВНА	27.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15795	СЕМБИН	ҚАНАТ	КАБДЕНОВИЧ	27.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15796	САДЫКОВ	ДИДАР	КАНАТОВИЧ	27.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15797	ДОСМАН	НАЗЫМ	НАРМЕДХАНҚЫЗЫ	27.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15798	САҒАТАЕВА	ЭЛЬМИРА	ЖАНБЫРШЕВНА	27.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15799	ТЕЛЕСБАЕВА	ИНДИРА	ХАДЖИМУХАМБЕТОВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15800	СМАГУЛОВА	ТОЛҒАНАЙ	ДЖАМАНКАРАЕВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15801	ШОЛОШОВА	КОРКЕМ	ИСАТАЕВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15802	КУЖАБАЕВА	АЙЖАН	КАППАСОВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15803	ХАСЕНОВА	МЕДИНА	МУРАТОВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15804	СЫЗДЫКОВА	ГҮЛЬНАРА	ШАКИРОВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15805	НУРМУХАНОВА	АЙЫМГҮЛ	КАИРГЕЛЬДЫЕВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15806	ҮДЕРБАЙ	ӘЛІБИ	АМАНБАЙҰЛЫ	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15807	ДАУЛЕТХАНОВА	САЛТАНАТ	СЕРИКОВНА	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
15808	ТӨКЕШОВА	МӨЛДІР	ШАХТЫБАЙҚЫЗЫ	28.04.2016	Мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар
